



2017

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

МАЗМҰНЫ

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

1. ЕСЕП ТУРАЛЫ

Есепті құру қағидалары

Есептің шекаралары

2. ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

Салаға шолу

Компания туралы

Компания активтерінің құрылымы

Түйінді уақиғалар

Қаржы көрсеткіштері

Жекешелендіру бағдарламасы

Компанияның инвестициялық қызметі

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Компанияның болашақ кезеңдерге арналған жоспарлары мен мақсаттары

3. КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Корпоративтік басқарудың негізгі қағидалары мен құрылымы

Директорлар кеңесі (құрамы, қысқаша өмірбаяндары). Директорлар кеңесінің қызметі. Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақысы

Ішкі аудит қызметі

Корпоративтік хатшы

Басқарма (құрамы, қысқаша өмірбаяндары). Басқарманың қызметі.

Басқарманың сыйақысы. Басқарма хатшысы.

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесі

Сапа менеджменті жүйесі

4. ТҰРАҚТЫ ДАМУ

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу

Кадр саясаты

Әлеуметтік тұрақтылық

Демеушілік және қайырымдылық

Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік

Қоршаған ортаны қорғау

Сатып алудағы жергілікті қамту

2017 ЖЫЛЫ «САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫН САҚТАУ/САҚТАМАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ (2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі аудиттелген шоғырландырылған қаржы есептілігі)

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

2

4

6

7

7

8

9

10

18

20

22

23

24

25

26

27

29

38

38

40

43

45

46

47

48

49

49

50

51

51

52

56

67



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы
А. Мамин

Құрметті жылдық есеп оқырмандары, әріптестер, осы күнгі және болашақ серіктестер!

Мен кезекті рет Қазақстандағы ең ірі машина жасау холдингі – «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде Сіздерге үндеу жасау құрметіне ие болдым.

2017 жылы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-ның бірқатар негізгі өндірістік көрсеткіштері бойынша жағымды серпін сақталды.

2017 жылы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ өндірісін жүзеге асырудан түскен табыс, 2016 жылмен салыстырғанда, 17%-ға өсті және 84 млрд. теңгені құрады, 1 адамға 17 887 мың теңге деңгейінде қалыптасқан еңбек өнімділігі 23%-ға өсті.

Жалпы өткізу көлеміндегі экспорттық өнімдердің үлесі 9,7% құрады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қорғаныстық тапсырысы ойдағыдай орындалды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ көрсеткіштерінің сүрелі түрде өсуі Қазақстанның дамуымен және Елбасы «Қа-

зақстан – 2050» Стратегиясында атап көрсеткен басымдықтармен тығыз байланысты, онда отандық өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінген.

Мемлекет басшысы өзінің «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Жолдауында әлемнің Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, терең және екпінді технологиялық, экономикалық және әлеуметтік өзгерістер заманына қадам басқанын ескертіп өтті. Сондықтан, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ алдына бар жобаларды дамыту ғана емес, сондай-ақ, жоспарлы түрде озық технологияларды, «4.0 индустриясының» элементтерін енгізумен қатар өндірісті автоматтандыру және роботтандыру мақсаты қойылады, өйткені ақпараттық технологиялар өндірістің икемділігін және шешімдерді қабылдау жеделдігін арттырады, ғаламдық нарықтарға шығу үшін және кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттігі үшін негіз жасайды.

Басым міндеттердің бірі маркетингтік құзыреттерді дамыту болып қалуда. Ағымдағы жылдың мамырында өткен V Халықаралық «KADEX-2018» қару-жарақ


және әскери техника көрмесі (Астана қ.) «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ өнімдерін алға жылжыту мәселелерінде бәрінен көп тәжірибелік нәтижелер алумен жоғары деңгейде ұйымдастырылған.

2018 жылы технологиялар саласындағы артып келе жатқан талаптарды және серпінді өзгерістерді есепке ала отырып, адами капиталды дамыту саясатына ерекше назар аударылады.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2018 жылы өтемаздықты, табыстылықты және капиталды басқарудың озық тәжірибелерін енгізу арқылы өзінің қаржы орнықтылығын нығайту бойынша жұмысты жалғастырады.

2018 жылы активтердің ұзақ мерзімді құнын арттыру, мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты сапалы орындау, экспорттық әлеуетті күшейту, жекешелендіру бағдарламасын жүзеге асыру және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын ұстану бойынша жұмыс жалғастырылады.

**Ізгі құрметпен,
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің Төрағасы
А. Мамин**



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҮНДЕУІ



«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасы
А. Курманғалиев

Құрметті жылдық есеп оқырмандары, әріптестер және бизнес серіктестер!

Назарларыңызға «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ («Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ) 2017 жылғы жылдық есебін ұсынуға қуаныштымыз.

Холдингтік құрылым бола тұра, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ азаматтық және арнайы өнімдерді, сондай-ақ, екі жақты мақсаттағы өнімдерді шығаруға маманданған машина жасау кәсіпорындарын біріктіреді. Еншілес ұйымдар да жеке қару-жарақ пен әскери техника номенклатураларының ағымдағы және күрделі жөндеуін, жаңғыртуын іске асырады.

Өткен жылы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ, қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің көшбасшысы бола тұра, елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға және машина жасауды дамытуға лайықты үлес қосты.

«Орал «Зенит» зауыты» АҚ жаңа зымыран-артиллериялық «Маңғыстау» кемесін және FC-19 жобасының жылдам жүзетін катерін суға түсірді.

«Қазақстан Парамаунт Инжиниринг» ЖШС дөңгелек формуласы 8x8 «Барыс» брондалған дөңгелекті машинасының зауыттық жүріс сынағын жүргізді. Израильдік «Plasan» компаниямен бірлесе отырып, «Алан» брондалған дөңгелекті машиналарының өндірісі игерілді, олардың бірінші партиясы елдің әлеуетті ведомстволарына жіберілді.

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ «Тенгизшев-ройл» ЖШС жобасы аясында 265 млн. теңгеден астам сомаға жылу алмасу аппараттарын жеткізу бойынша «KPJV» компаниясының тапсырысын табысты орындады.

Сондай-ақ, осы зауыт «Жоғары технологиялар институты» ЖШС тапсырысы бойынша ұңғыма арқылы уранды жерастылық шаймалау жағдайларында пайдаланылатын ұңғымаларды химиялық өңдеуге арналған жылжымалы қондырғының тәжірибелік үлгісін дайындады.

2017 жылы импортты алмастыру, ішкі қажеттілікті және экспортқа шығуды қамтамасыз ету шеңберінде өндірісті дамыту және қорғаныстық және азаматтық мақсаттағы өнімдерді өткізу бойынша іс-шаралар жүргізілді.

Осылайша, 2017 жылы «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ өндірісін технологиялық жаңғырту бойынша инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жұмысы басталды, оның нәтижесінде заманауи механикалық өңдеу, дайындау, термиялық, дәнекерлеу және бақылау-өлшеу жабдығының 39 бірлігі алынады, сонымен қатар «С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ-да көп қабатты мөрлік тақшалардың өндірісі ұйымдастырылады, оның арқасында ұлттық қауіпсіздік органдарының және Қазақстан Қарулы күштерінің қажеттіліктерін қамсыздандыру үшін жоғары ақпараттық қауіпсіздік деңгейі бар жаңа радиоэлектрондық өнімдер түрлерін өндірудің сапалы техникалық деңгейі жасалады.

Ағымдағы жылы тағы екі инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған: Астана қаласында авиациялық-техникалық орталықты (түзету) және Семей қаласында әскери және азаматтық мақсаттағы ауыр техникаға инженерлік-техникалық қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту орталығын құру (түзету).

Бірінші жоба авиациялық техникаға сервистік қызмет көрсетуді, күрделі және ағымдағы жөндеуді іске асыратын мамандандырылған авиациялық кәсіпорының Қазақстанда толық форматты қызмет етуіне бағытталған (қазіргі кезде бұл іс-шаралардың бәрі жақын шетел кәсіпорындарында жүргізіледі – Ресей, Беларусь, Украина). Екінші жоба мемлекеттің

әскери қауіпсіздік деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді.

Шетелдік серіктестерімізбен ынтымақтастықты дамыту бойынша, соның ішінде «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ өндіретін өнімдерді сыртқы нарықтарға жылжыту, сонымен қатар инвестициялар мен технологияларды тарту бойынша белсенді жұмыс жүргізілді. Мысалға, «Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС Түрік Республикасына жылға ден қою көздеуіштерінің бірінші жеткізілімін өткізді.

«KAZINVEST» ұлттық компаниясы» АҚ жинаған қарқынды сақтау үшін Жоғары технологиялық өнімдерді экспортқа бірлесіп жылжыту туралы меморандумға қол қойылды.

Сонымен қатар жоғарыда көрсетілген міндеттерді жүзеге асыру үшін халықаралық форумдардың мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ кәсіпорындары III Халықаралық «Армия-2017» әскери-техникалық форумына қатысты.

V Халықаралық «KADEX-2018» қару-жарақ және әскери техника көрмесін (мамыр, Астана қ.) ұйымдастырудан және оған қатысудан барынша көп пайда табуды жоспарлаймыз.

Инвесторларды тарту және оңтайлы құрылымға жету мақсатында «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерін жеке-шелендіру бойынша жоспарлы жұмыс жүргізіліп жатыр. 2017 жылы 2,311 млрд. теңге сомасына Компанияның 3 активі өткізілді: «ЗИКСТО» АҚ (акциялардың 42,13%), «ҚИ 832 автожөндеу зауыты» (акциялардың 100%) және «Астра» КЖЗ ЖШС.

2018 жылдың соңына дейін тағы алты активтегі үлестерді өткізу жоспарланған: «ҚазИнжЭлектроникс» ЖШС (акциялардың 100%), «Омега» аспап жасау зауыты» АҚ (акциялардың 100%), «Семей машина жасау зауыты» АҚ (акция-

лардың 51%), «Тыныс» АҚ (акциялардың 51%), «С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ (акциялардың 51%), «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС (қатысу үлесінің 50%).

2 актив жойылды – «Батыр инжиниринг» ЖШС және «КАМАЗ-Семей» ЖШС. Тағы үш актив жою сатысында: «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС, «Спецмаш Астана» ЖШС.

Ағымдағы 2018 жыл мерейтойлық датамен есте қалды – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ құрылған күнінен 15 жыл өтті. Компания өзінің 15 жылдығына жиналған тәжірибенің, ресурстар мен резервтердің қомақты қорымен жетті. Бірінші кезекте, әңгіме адамдар туралы, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ үлкен ұжымы туралы жүргізілуде.

Осыған орай, мен Компанияның барлық қызметкерлерін және серіктестерін осы ерекше мәні бар күнмен шын жүректен құттықтаймын және жемісті жұмыстарыңыз бен қорғаныс-өнеркәсіп кешенін және машина жасау саласын дамытуға қосқан үлестеріңіз үшін кезекті рет алғысымды білдіремін.

Мерейтойлық жыл бізге Компанияның және саланың алдына қойылған мәселелерді шешуде қосымша жауапкершілікті жүктейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің, Қорғаныс министрлігінің басшылығына, Компанияның Директорлар кеңесі Төрағасына және мүшелеріне, серіктестерге, инвесторларға біздің Компанияға үнемі көңіл бөлуіңізге жеке алғыс білдіремін.

Ізгі құрметпен,
«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ
Басқарма Төрағасы
А. Курманғалиев



ЕСЕП ТУРАЛЫ

ЕСЕПТІ ҚҰРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Компания) 2017 жылғы Жылдық есепті дайындады.

Есептің негізгі міндеті – Компания жұмысының нәтижелеріне мүдделі тұлғаларға ақпарат беру, сонымен қатар оның қызметінің ақпараттық айқындығын қамтамасыз ету.

Есепте 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 31 желтоқсанға дейінгі кезең ішіндегі Компания қызметінің қорытындылары қамтып көрсетілген.

Есепті дайындаған кезде Компания келесі қағидаларға бет ұстады:

— **Есеп беруге міндеттілік** – Компания Жалғыз акционер мен Сенімгер басқарушы алдында ұзақ мерзімді құнның өсуі және ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты даму үшін өзінің есеп беруге міндеттілігін түсінеді.

— **Ашықтық** – Компания кездесулерге, талқылауға және диалогқа ашық, сондай-ақ, мүдделі тараптармен өзара мүдделерді есепке алуға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ұмтылады және есептің мүдделі тараптардың көпшілік тобына түсінікті, әрі қолжетімді болуына талпынады.

— **Теңгерімділік** – есеп Компания қызметінің нәтижелілігіндегі оң және теріс аспектілерді қамтып көрсетеді.

— **Дәлдік және сенімділік** – есепте ұсынылған ақпарат құжатпен расталған деректердің негізінде жиналған, есептің қаржы-экономикалық қызметке қатысты бөлімдерін дайындаған кезде ХҚЕС сәйкес жасалған, аудиттелген қаржы есептіліктері пайдаланылды.

— **Адам құқықтарын сақтау** – Компанияның жұмыскерлері Компанияның басты құндылығы және негізгі ресурсы болып табылады.

— **Уақыттылық** – есепті дайындау жоспарлы сипатқа ие.

Осы есеп сыртқы тәуелсіз куәландырудан өтпейді, алайда Компания сыртқы тәуелсіз куәландыруды өткізу болашақта Компания тобы қызметінің ұсынылған нәтижелерінің теңгерімділігін, деректілігін арттыруға, сонымен қатар мүдделі тараптардың талаптарына сай келуге көмектесетінін түсінеді. Осыған орай, Компания болашақта сыртқы куәландыруды өткізу тәжірибесін енгізуді жоспарлайды.

Ұсынылатын есеп мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде қағаз түрінде, электрондық нұсқасын Компанияның web-сайтында (www.ke.kz) орналастыра отырып дайындалған.

Есептің қағаз және электрондық тасымалдағы көшірмелері мүдделі тараптарға берілуі мүмкін.

Компания есепті жариялай отырып, сындарлы қоғамдық диалогтың жалғасын және кеңеюін күтеді және барлық мүдделі тараптардың ұсыныстарын қолдайды.

ЕСЕПТІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Есептің құрылымы келесі салалар бойынша Компания қызметінің сипаттамасын қамтиды: корпоративтік басқару, қаржы, тәуекелдерді басқару, тұрақты даму саласында басқару, мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу, инвестициялық даму, еңбекті қорғау және қызметкерлерді басқару.

Қаржы көрсеткіштері еншілес ұйымдар бойынша ашып көрсетілген, олардың акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Компанияға тиесілі (бұдан әрі – еншілес ұйымдар).





ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ

САЛАҒА ШОЛУ

Машина жасаудағы өндіріс көлемдерінің серпіні

Қазақстан Республикасының машина жасау өнімдерін өндіру көлемі 2017 жылы 913,9 млрд. теңгені құрады¹.

Машина жасау өнімдерінің экспорты және импорты


2017 жыл ішіндегі машина жасау өнімдерінің экспорты 651,9 млн. АҚШ долларын құрап, 2016 жылғы деңгейден 10% төмен болды².

2017 жыл ішіндегі машина жасау өнімдерінің импорты 2016 жылғы көрсеткішке қатысты 15,9% өсті. Артудың басты себебі негізгі сауда серіктестерімен сауданы жандандырумен, халықтың төлем қабілеттілігінің қалпына келуімен байланысты.


¹Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті,
Дайджесттер, «Қазақстандық индустрияны дамыту институты» АҚ машина жасау саласына экспресс-шолулар

²Есеп «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен (№2 хаттама) бекітілген.


Машина жасау өндіріс көлемдерінің серпіні 2013-2017 жж. (млрд. тг)



Машина жасау өнімдері экспортының серпіні 2013-2017 жж. (млн. АҚШ доллары)



Машина жасау өнімдерінің импорт серпіні 2013-2017 жж. (млн. АҚШ доллары)



КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (Kazakhstan Engineering) Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіп кешенін басқару жүйесін Компанияның құрамына қорғаныс өнеркәсібінің кәсіпорындарын және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери зауыттарын енгізу арқылы жетілдіру мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 13 наурыздағы «Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кейбір мәселелері туралы» №244 қаулысына сәйкес құрылған.

2006 жылдың қазанында Компания акцияларының мемлекеттік пакеті (100%) «Самұрық» Холдингі» АҚ жарғылық капиталына төлеуге тапсырылды.

2009 жылдың қыркүйегінде Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің сенімгерлікпен басқаруына тапсырылды.

2010 жылдың маусымында Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін

басқару жүйесін жетілдіру мақсатында, Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің сенімгерлікпен басқаруына тапсырылды.

2016 жылдың желтоқсанында Компания акцияларының пакеті Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің сенімгерлікпен басқаруына тапсырылды.

Компания арнайы және азаматтық өнімдерді, сонымен қатар екі жақты мақсаттағы өнімдерді шығаруға маманданған ең ірі машина жасау кәсіпорындарында бірыңғай қаржылық, өндірістік және технологиялық саясатты қамтамасыз етуге бағытталған холдингтік құрылым болып табылады.

Компанияның жарияланған және орналастырылған акцияларының жалпы саны, солардың ішінде:

- жай акциялар 21 476 802 дана;
- артықшылықты акциялар – жоқ.
- 1 акцияның атаулы құны – 1 000 теңге.

Компанияның 2013–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясы Компания Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 4 қарашадағы шешімімен (№ 11 хаттама) бекітілген (бұдан әрі – Компанияның Даму стратегиясы). Жалғыз акционердің болжалдар хаты негізінде 2016 және 2017 жылдар ішінде Компания Компанияның қолданыстағы Даму стратегиясын өзекті ету бойынша жұмысты жүргізді, оның жобасы Компанияның Директорлар кеңесі отырыстарында қарастырылды.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 21 желтоқсандағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің болжалдарын жүзеге асыру бойынша 2018–2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына және Директорлар кеңесінің 2018 жылға арналған Жұмыс жоспарына сәйкес, 2018–2027 жылдарға арналған жаңа Даму стратегиясының жобасын және оны жүзеге асырудың «жол картасын» қарау 2018 жылғы 27 маусымға жоспарланған.

31.12.2017 жылғы жағдай бойынша «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ активтерінің құрылымы

Еншілес ұйымдар	14	Шеберелес ұйымдар	2	Тәуелді ұйымдар	6	Бірігіп бақыланатын ұйымдар	3
«ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ	100%			«ЗИКСТО» АҚ	42,13	«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	50%
«Семей инжиниринг» АҚ	84%			«Камаз инжиниринг» АҚ	25%	«Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС	50%
«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	99,8%			«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС	49%	«Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС	50%
«С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ	84%			«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС	49%		
«Семей машина жасау зауыты» АҚ	99,4%	«Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС	24,5	«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС	49%		
«Тыныс» АҚ	99,2%	«СП «Қорғау инжиниринг» ЖШС	100%	«Спецмаш Астана» ЖШС	35%		
«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	98,6%						
«С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	97,7%						
«Орал «Зенит» зауыты» АҚ	95,4%						
«Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ	90%						
«Мұнаймаш» АҚ	52,04%						
«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС	100%						
«ҚазИнжЭлектроникс» ЖШС	100%						
«Қазақстан инжиниринг» R&D орталығы» ЖШС	100%						

№	Ұйымның атауы	Қызмет түрлері
Еншілес ұйымдар (50% астам акцияларды/қатысу үлестерін иелену)		
1.	«ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ	Автомобиль және шынжыр табанды жүк техникасын, қозғалтқыштар мен агрегаттарды жөндеу, автомобиль техникасын жаңғырту және қайта жабдықтау
2.	«Семей инжиниринг» АҚ	Қару-жарақты және әскери техниканы жөндеу, әртүрлі түрленімдегі қозғалтқыштарды күрделі жөндеу
3.	«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ	Ұңғымаларды бұрғылауға және күрделі жөндеуге арналған жабдықтарды, мұнай өңдеу зауыттары мен мұнай-химия өндірістеріне арналған жабдықтарды, темір жол қатынас жолдарын жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған жол құрал-саймандары мен механикаландыру құралдарын өндіру
4.	«С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ	Темір жол саласына арналған навигациялық жүйелерді, басқару пульттерін; мұнай-газ кешеніне арналған басқару блоктары мен автоматтандырылған құрылғыларды және т.б. өндіру және оларға қызмет көрсету
5.	«Семей машина жасау зауыты» АҚ	ГТ-Т негізгі шассиіндегі шынжыр табанды тасымалдағыш-тартқышты, оның түрленімдерін дайындау және оған қосалқы бөлшектерді, темір жол саласына арналған өнімдерді өндіру
6.	«Тыныс» АҚ	Авиациялық бұйымдарды, өрт сөндіру құралдарын, медициналық жабдықтарды дайындау, полиэтилен құбырларды, өлеуетті құрылымдарға арналған қорғаныс құралдарын өндіру
7.	«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ	Суды тазалауға арналған қондырғыларды, темір жол саласына арналған өнімдерді; сандық АТС және телефон аппараттарының құрамдас бөліктерін; халық тұтынатын тауарларды және т.б. өндіру
8.	«С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ	Суасты теңіз қаруын және теңіз кемелеріне арналған жану гидравликасы және автоматикасы бұйымдарын; кен өндіру өнеркәсібіне арналған пневмоперфораторларды; темір жол саласына арналған қосалқы бөлшектерді өндіру және оларға қызмет көрсету
9.	«Орал «Зенит» зауыты» АҚ	Катерлер мен кемелерді дайындау және жөндеу; мұнай-газ кешеніне арналған болат құрылмаларды, қосалқы бөлшектерді және т.б. жобалау және дайындау
10.	«Гидроаспап» ФЗИ» АҚ	Конструкторлық және зерттеу жұмыстары, сонымен қатар теңіз және өзен катерлерін, жүзу құралдары мен суасты аппараттарды, жерүсті және әуе роботтарын, су астында зерттеуге құбыр желісі мен суасты объектілерді жөндеуге арналған жабдықтарды өндіру
11.	«Мұнаймаш» АҚ	Мұнай-газ секторына арналған қарнақты тереңдік сорғылары; халық тұтынатын тауарлар
12.	«Қазақстан инжиниринг» R&D орталығы» ЖШС	Қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарына арналған арнайы өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеу
13.	«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС	Авиациялық техниканы өндіру және оған қызмет көрсету
14.	«ҚазИнж Электроникс» ЖШС	Қару-жарақты, екі жақты мақсаттағы өнімдерді жаңғырту және күрделі жөндеу, заманауи байланыс құралдарын және радиоэлектроника бұйымдарын өндіру, компьютерлік жабдықтарды құрастырып өндіру

№	Ұйымның атауы	Қызмет түрлері
Бірлесіп бақыланатын ұйымдар (50% қатысу үлестерін иелену)		
1.	«Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Тікұшақтарды дайындау, құрастыру және оларға қызмет көрсету, тікұшақтарды тарату және сату
2.	«Талес Қазақстан Инжиниринг» ЖШС	Электрондық жабдықтарды, жүйелерді және бағдарламалық жасақтаманы дайындау және оларға қызмет көрсету; радио-коммуникация жабдықтарын дайындау және оларға қызмет көрсету
3.	«Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС	Электрондық-оптикалық аспаптарды өндіру
Тәуелді ұйымдар (50% кем акцияларды/қатысу үлестерін иелену)		
1.	«ЗИКСТО» АҚ	Темір жол жүк вагондарын жөндеу, элементтерді ауыстыра отырып дөңгелек жұбын жөндеу
2.	«КАМАЗ-Инжиниринг» АҚ	Автобустарды, автомобильдерді, арнайы техниканы және олардың қосалқы бөлшектерін өндіру және оларға қызмет көрсету
3.	«Қазақстан инжиниринг дистрибьюшн» ЖШС	Компания тобының кәсіпорындары шығаратын өнімдерді өткізу, инвестициялар тарту, мемлекеттік бағдарламаларға және жабдықтарды жеткізуге тендерлерге қатысу
4.	«Индра Қазақстан инжиниринг» ЖШС	Радиолокациялық станцияларды, радиоэлектрондық күрес және радиоэлектрондық барлау жүйелерін өндіру және оларға қызмет көрсету
5.	«Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС	Инжинирингтік қызметтерді көрсету («Singapore Technologies Engineering»-мен бірлескен кәсіпорын)
6.	«Спецмаш Астана» ЖШС	Темір жол, мұнай-газ және энергетика салаларына арналған қосалқы бөлшектердің тетіктерін өндіру және жөндеу

КОМПАНИЯНЫҢ ЕНШІЛЕС ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЦИФРЛАРМЕН

«Орал «Зенит» зауыты» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	5 224 778	5 172 892	51 886	–	332 406	5 698	917
2014	5 281 358	5 247 206	34 152	–	317 725	5 823	907
2015	3 247 745	3 176 928	70 817	–	140 891	3 653	889
2016	4 948 000	4 863 466	84 534	–	220 253	5 510	898
2017	8 767 627	8 678 303	89 324	–	638 099	9 829	892

«С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	8 249 825	2 410 130	4 781 214	1 058 481	473 577	14 731	560
2014	6 944 772	4 027 895	1 693 500	1 223 377	405 708	11 292	615
2015	5 980 459	3 951 542	916 486	1 112 431	715 599	9 934	602
2016	6 903 112	5 661 486	218 403	1 023 223	196 676	13 751	502
2017	4 146 582	2 624 215	315 676	1 206 691	119 890	7 913	524

«Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	5 597 850	463 212	5 134 638	–	326 671	4 789	1 169
2014	4 015 158	304 421	3 710 737	–	136 408	3 721	1 079
2015	3 863 415	100 008	3 763 407	–	10 846	3 791	1 019
2016	3 017 567	261 078	2 756 489	–	(315 495)	3 356	899
2017	6 602 089	1 011 192	5 590 897	–	46 892	7 171	929

«Тыныс» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	5 771 931	3 586 910	2 185 021	–	513 857	7 737	746
2014	6 671 712	5 441 522	1 230 190	–	688 691	8 278	806
2015	5 000 989	4 304 499	670 551	25 939	497 603	6 470	773
2016	3 694 735	2 649 788	1 021 793	23 154	226 223	5 102	713
2017	6 742 170	5 073 737	1 603 296	65 138	463 854	9 223	731

«Семей инжиниринг» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	6 535 300	6 535 300	–	–	1 307 857	15 672	417
2014	8 559 325	8 559 325	–	–	2 873 388	13 586	630
2015	513 234	513 234	–	–	(976 184)	905	567
2016	208 400	208 400	–	–	(1 678 330)	395	528
2017	1 994 151	1 994 151	–	–	(2 367 898)	4 638	430

«Мұнаймаш» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	3 174 628	–	3 174 628	–	183 740	22 046	144
2014	3 193 291	–	3 193 291	–	210 307	20 602	155
2015	2 351 261	–	2 351 261	–	148 184	15 675	150
2016	2 330 120	–	2 330 120	–	128 068	14 654	159
2017	2 252 810	–	2 252 810	–	75 263	14 919	151

«Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	472 646	271 748	200 898	–	18 385	3 812	124
2014	612 547	562 568	49 979	–	33 055	4 641	132
2015	1 240 121	1 184 600	55 521	–	75 228	8 159	152
2016	2 061 401	2 016 315	45 086	–	110 179	11 024	187
2017	342 269	319 622	22 647	–	75 590	2 223	154

«С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	806 097	678 810	127 287	–	(333 204)	3 124	258
2014	482 234	413 522	68 712	–	(433 981)	1 899	254
2015	476 151	435 520	40 631	–	(213 545)	1 928	247
2016	1 813 325	1 800 255	13 070	–	118 324	5 965	304
2017	4 572 688	4 545 342	27 346	–	508 267	15 141	302

«Семей машина жасау зауыты» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	843 963	119 397	724 566	–	6 870	3 925	215
2014	1 206 519	998 690	207 829	–	70 072	4 826	250
2015	1 000 274	866 829	133 445	–	(61 216)	5 782	173
2016	1 246 365	1 086 966	159 399	–	1 799	8 041	155
2017	1 687 009	1 407 160	279 849	–	(50 272)	9 269	182

«ҚИ 811 Автожөндеу зауыты» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	394 387	387 034	7 353	–	11 209	3 490	113
2014	468 783	455 487	13 296	–	41 748	4 223	111
2015	512 469	509 089	3 380	–	73 155	4 271	120
2016	210 459	182 368	28 091	–	(74 055)	1 739	121
2017	536 178	532 867	3 311	–	25 533	4 662	115

«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	–	–	–	–	(49 609)	–	22
2014	139 175	139 175	–	–	(2 312)	5 799	24
2015	2 050 334	2 050 334	–	–	85 005	85 431	24
2016	1 750 606	1 750 606	–	–	(94 139)	48 628	36
2017	14 587 248	14 587 248	–	–	(230 600)	205 454	71

«ҚазИнж Электроникс» ЖШС

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге / адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	1 789 391	1 519 399	127 135	142 857	5 451	13 871	129
2014	643 116	367 723	245 679	29 714	9 830	8 462	76
2015	760 014	760 014	–	–	61 973	15 834	48
2016	274 246	274 246	–	–	(60 419)	6 378	43
2017	260 543	260 543	–	–	17 575	8 405	31

«Қазақстан инжиниринг» R&D орталығы» ЖШС

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	234 857	184 942	49 915	–	(36 340)	6 180	38
2014	148 404	90 230	58 174	–	(70 520)	3 905	38
2015	273 789	212 416	61 374	–	102 948	7 205	38
2016	178 817	121 832	56 985	–	(131 106)	4 361	41
2017	62 861	–	62 861	–	(40 363)	3 143	20

«Омега» аспап жасау зауыты» АҚ

Жыл (нақты)	Өткізуден түскен табыс – БАРЛЫҒЫ (мың теңге):	Соның ішінде:			Қорытынды пайда	Еңбек өнімділігі, мың теңге /адам	Нақты саны, адам
		Арнайы өнімдер (мың теңге)	Азаматтық өнімдер	Сервис			
2013	617 760	–	617 760	–	1 795	3 510	176
2014	230 614	–	230 330	284	(91 420)	1 281	180
2015	189 065	–	189 065	–	(86 196)	1 390	136
2016	125 628	–	125 628	–	(87 974)	1 611	78
2017	677 809	88 722	586 362	–	(74 928)	11 686	58

ЕСЕПТІ КЕЗЕҢНІҢ ТҮЙІНДІ УАҚИҒАЛАРЫ

ҚАҢТАР

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі жаңа құрамда сайланды

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ «Tengizchevroil» ЖШС жобасы бойынша жылу алмасу аппараттарын жеткізуге «KРJV» компаниясымен жасалған келісімшартты табысты орындады. «Кешенді технологиялық желіде маусымдық температура ауытқуының қысқаруы» шамамен 265 млн. теңге сомасына

«Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС Түрік Республикасына жылуға ден қою көздеуіштерінің бірінші жеткізілімін жүзеге асырды.

АҚПАН

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі, Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі, Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеттерінің жаңа құрамы сайланды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ акциялар пакетінің 100% «ҚИ 832 Автожөндеу зауыты» АҚ өткізу іске асырылды.

«Қазақстан Парамант Инжиниринг» ЖШС шығаратын жаңа әскери техника түрі – Қазақстан Республикасының Қарулы күштеріне түскен «Арлан» БДМ тәжірибелік-әскери пайдаланудан өтті ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары Мамин А.У. Астана қаласындағы қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындарына – «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС, «Еврокоптер Қазақстан Инжиниринг» ЖШС, «Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС және «Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС сапармен келді.

► 2017 жыл «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ үшін түрлі қызмет салаларындағы уақиғалармен есте қалатын болды.

► Төменде ұсынылған күнтізбеде 2017 жылдың негізгі корпоративтік уақиғалары көрсетілген.

МАМЫП

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және «KAZAKH INVEST» ұлттық компаниясы» АҚ Қазақстанда өндірілген жоғары технологиялық өнімдерді бірлесіп экспортқа жылжыту туралы меморандумға қол қойды.

«Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС және «Қазақстан инжиниринг» Research&Development орталығы» ЖШС жаңа бас директорлары тағайындалды.



НАУРЫЗ

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ «Жоғары технологиялар институты» ЖШС тапсырысы бойынша уранды ұңғыма арқылы жерастылық шаймалау жағдайларында пайдаланылатын ұңғымаларды химиялық өңдеуге арналған жылжымалы қондырғының тәжірибелік үлгісін дайындады.

Компанияның органдары мен лауазымды тұлғалары Іскерлік этика кодексін сақтауы және корпоративтік дауларды және мүдделер қайшылығын болдырмау және реттеу бойынша шараларды күшейту мақсатында Омбудсмен лауазымы енгізілді.

СӘУІР

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Орал «Зенит» зауыты» АҚ зауыттық №4 «МАҢҒЫСТАУ» зымыран-артиллериялық кемесін суға түсірді.

МАУСЫМ

Сербия Республикасының президенті Александр Вучичтің Астана қаласына ресми сапары аясында келуі – «Қазақстан Парамант Инжиниринг» ЖШС және «Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС





2017

ШІЛДЕ

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы Идрисов Ерлан Сапарғалиевичтің өкілеттігі тоқтатылды.

«Тыныс» АҚ және «Семей инжиниринг» АҚ жаңа бас директорлары тағайындалды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Орал «Зенит» зауыты» АҚ FC-19 жобасының жылдам жүзетін катерінің суға түсірілуін жүзеге асырды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2016 жылғы Жылдық есебі бекітілді.

ҚЫРКҮЙЕК

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және «Уз-махсусимпэкс» мемлекеттік кәсіпорны (Өзбекстан Республикасы) II Қазақстан және Өзбекстан бизнес-форумының аясында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тобының құрамына кіретін «Қазақстан Aselsan инжиниринг» ЖШС-не қорғаныс министрі Александр Вулиннің бастауымен Сербияның ресми делегациясы келді.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ V Қазақстан машина жасаушыларының форумы аясында «Қорғаныстық машина жасау» бағыты бойынша секциялық салалық отырысты мынадай тақырып бойынша өткізді: «Қазақстанның жаңа индустрияландыруы: жоғары технологиялық машина жасау» «ҚазИнж Электроникс» ЖШС жаңа бас директоры тағайындалды.

ҚАРАША

«Қазақстан Парамант Инжиниринг» ЖШС дөңгелек формуласы 8x8 «Барыс» брондалған дөңгелекті машинасының (БДМ) зауыттық жүріс сынақтарын жүргізді. Кейбір Басқарма мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқармасының жаңа мүшелері сайланды. «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ жаңа бас директоры тағайындалды.



ТАМЫЗ

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы болып Нурбаев Орман Каримович тағайындалды.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Мәскеу қаласында III Халықаралық «Армия-2017» әскери-техникалық форумына қатысуы.

ҚАЗАН

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «Қазақстан инжиниринг» Research and Development орталығы» ЖШС және Cybersecurity Malaysia өзара түсіншілік туралы меморандум жасасты.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымы – «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ 75 жылдық мерейтойын тойлады.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2018–2022 жылдарға арналған Бизнес-жоспары (Даму жоспары) бекітілді.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері сайланды.

ЖЕЛТОҚСАН

«Қазақстан Парамант Инжиниринг» ЖШС израильдік Pisan компаниясымен бірлесе отырып, «Алан» брондалған дөңгелекті машиналарының өндірісін игерді. «Алан» БДМ бірінші партиясы Қазақстан Республикасы әлеуетті ведомстволарының тапсырысы аясында табысты өндірілді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету, сонымен қатар комплаенс-тәуекелдердің алдын алу мақсатында, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Комплаенс-офицері лауазымы енгізілді.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ және «ПремиумВагонКомплект» ЖШС арасында «ЗИКСТО» АҚ 42% жай акцияларын Сатып алу-сату шарты жасалды.

ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Қазақстан Республикасының машина жасауында Компанияның үлесі 2017 жылы 9,2% деңгейінде қалыптасты. Компа-

ния тобының өткізуден түскен табысы 2017 жылы, 2016 жылмен салыстырған-

да, 17% өсті, еңбек өнімділігі 1 адамға 17 887 мың теңге деңгейінде қалыптасты.

Компания тобы бойынша қызметтің операциялық және қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	2013	2014	2015	2016	2017	2017 жылдың 2013 жылға қатысты өсу серпіні
Өткізуден түскен табыс (млрд. теңге)	45	39	64	71	84	186%
Активтер (млрд. теңге)	74	89	114	84	75	101%
Қаржы нәтижесі (млрд. теңге) *	3	0,9	-8	-3	-4	-
Дамуға жұмсалған шығындар (инвестициялар) (млрд. теңге)	4	7	5	3	1	-
Еңбек өнімділігі (мың теңге/адам)	12 868	11 794	11 557	14 478	17 887	139%
Орташа айлық жалақы (мың теңге)	114	124	103,9	134	170	149%


* қаржы нәтижесі = азшылық үлесін шегеруге дейінгі таза табыс

Компания өнімдерін өткізудің шоғырландырылған көлемі 2017 жыл ішінде 83 млрд. жоспары кезінде 84 млрд. теңгені немесе жоспарға 101% құрады, соның ішінде:

- ▶ мамандандырылған өнімдерді және екі жақты мақсаттағы өнімдерді өткізу көлемі бойынша орындау экспорт бойынша жоспарды шамадан тыс орындау нәтижесінде 72 млрд. теңгені немесе жоспарға 103% құрады;
- ▶ азаматтық өнімдерді өткізу көлемі бойынша орындау 11 млрд. теңгені немесе жоспардың 88%-ын құрады;
- ▶ сервистік қызметтердің көлемі бойынша орындау 1 млрд. теңгені құрады, бұл 2017 жылға арналған жоспарлы көрсеткіштен 8,5%-ға жоғары.


Өткізу көлеміндегі экспорттық өнімдердің үлесі 2017 жылы жалпы өткізу көлемінің 9,7%-ын құрады.

Табыстың құрылымы




- Мамандандырылған өнімдер және екі жақты тағайындалған өнімдер
- Сервистік қызметтер (инжиниринг)
- Мұнай-газ өнімдері
- Темір жол өнімдері
- Өзге

Активтер (млрд. теңге)



Қаржы көрсеткіштері (млрд. теңге)



2017 жылдың соңындағы шоғырландырылған активтер 75 млрд. теңгені құрады. 2013 жылмен салыстырғанда, активтер 1%-ға өсті.

Активтердің құрылымында ұзақ мерзімді активтер 36 млрд. теңгені немесе 48%-ды құрайды, соның ішінде негізгі қаражат 23 млрд. теңге немесе жалпы активтер сомасының 31%, еншілес және бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар 6 млрд. теңге немесе 8%, өзге активтер 7 млрд. теңге немесе 9%.



Қысқа мерзімді активтер 39 млрд. теңгені немесе 52% құрады, соның ішінде ТМҚ 14 млрд. теңге немесе 19%, ақшалай қаражат 8 млрд. теңге немесе 11%, өзге қысқа мерзімді активтер 17 млрд. теңге немесе 22%.

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары бойынша 2017 жыл ішінде шоғырландырылған залал жоспарлы 0,5 млрд. теңге кезінде 4 млрд. теңгені құрады. Таза залалды алуға әсерін тигізген негізгі факторлар, бұл:

- бірқатар еншілес ұйымдар қызметінің залалдылығы 3 млрд. теңге;
- тауарлық-материалдық қорлардың құнсыздануы 1 млрд. теңге сомасына;
- азаматтық мақсаттағы өнімдерді өткізудің орындалмауы 2 млрд. теңгеге немесе 12%-ға.

2017 жылдың қорытындылары бойынша «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ-дағы еңбек өнімділігі бір жұмыскерге 17 887 мың теңгеге жетті. 2016 жылға қатысты өсуі 24%; 2013 жылға қатысты 39%.

Еңбек өнімділігі (мың теңге/1 адамға)



■ 2016 ■ 2017

■ Компания бойынша ■ ҚР машина жасауы бойынша

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» № 1141 қаулысына (бұдан әрі – Қаулы) сәйкес, акциялар пакеттерін (қатысу үлестерін) өткізу, сонымен қатар «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 1 және 2 деңгейдегі 19 еншілес, бірлесіп бақыланатын және тәуелді ұйымдарын жою көзделген, солардың ішінде 14 актив өткізуге, 5 жоюға жатады.

2017 жылы 2,311 млрд. теңге жалпы сомасына Компанияның 3 активі өткізілді:

«ЗИКСТО» АҚ (акциялардың 42,13%) 2 240 млн. теңгеге, «ҚИ 832 Автожөндеу зауыты» АҚ (акциялардың 100%) және «Астра» КЖЗ» ЖШС 71 млн. теңгеге.

2 актив жойылды: «Батыр инжиниринг» ЖШС және «КАМАЗ-Семей» ЖШС.

2018 жылы Компанияның 6 активін өткізу жоспарланған:

— электрондық конкурсты өткізу жолымен: «КазИнж Электроникс» ЖШС (100%) және «Омега» аспап жасау зауыты» АҚ (акциялардың 100%);

— ашық екі кезенді конкурсты өткізу жолымен: «Семей машина жасау зауыты» АҚ (акциялардың 51%), «Тыныс» АҚ (акциялардың 51%), «С.М. Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ (акциялардың 51%), «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС (қатысу үлесінің 50%).

Компанияның 3 активі жою сатысында:

«Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС, «Спецмаш Астана» ЖШС (35%).



КОМПАНИЯНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Компанияның инвестициялық саясатына сәйкес, инвестициялық қызметтің мақсаты ұзақ мерзімді келешекте Компанияның құнын барынша көбейту болып табылады.

Инвестициялық саясаттың негізгі қағидалары:

- ▶ стратегиялық мақсаттарды инвестициялық шешімдер қабылдау үрдісімен біріктіру;
- ▶ инвестициялық шешімдер қабылдаған кезде инвестициялық бағалау құралдарын пайдалану;
- ▶ инвестициялық қызметті басқарған кезде жобалық басқару құралдарын және рәсімдерін пайдалану;
- ▶ бюджеттік бақылау мен Компанияның инвестициялық қызметінің нәтижесі үшін жауапты басшылардың басқарушылық еркіндік дәрежесінің теңгерімі;
- ▶ инвестициялық қызметтің нәтижелерін бақылау, бағалау және талдау міндеттілігі болып табылады.

2017 жылдан бастап Компания келесі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру үшін жұмыс жүргізеді: «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ («ПАМЗ» АҚ) өндірісін технологиялық жаңғырту»

Жобаны жүзеге асыру аясында заманауи, өнімділігі жоғары жабдықтардың 39 бірлігін алу жоспарланған: механикалық өңдеу, дайындау, термиялық, гальваникалық, дәнекерлеу, бақылау-өлшеу жабдықтары.

Жобаның мақсаты мен міндеттері:

1. Қару-жарақ пен әскери техниканың заманауи түрлерін шығару номенклатурасын кеңейту және Қазақстан Рес-

публикасы Қарулы Күштерінің қарулануындағы жарақтарды жаңғырту.

2. Өндірістік қуатты күшейту, импортты алмастыру және машина жасау саласының экспорттық әлеуетін дамыту мақсатында, «ПАМЗ» АҚ үдемелі жоғары технологиялы дамыту.

Жобаның қаржы-экономикалық негіздемесі 2017 жылғы 15 желтоқсанда сараптамадан өтіп, «Қазақстандық мемлекеттік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ жағымды қорытындысына ие болды. Жобаның ҚЭН ҚР Ұлттық экономика министрлігімен мақұлданған.

«С.М. Киров атындағы зауыт» АҚ-да «Көп қабатты мөрлік тақшалардың өндірісін ұйымдастыру»

Жобаның негізгі мақсаты – ұлттық қауіпсіздік органдарының және ҚР Қарулы күштерінің қажеттіліктерін қамсыздандыру мақсатында, жоғары ақпараттық қауіпсіздік деңгейі бар жаңа радиоэлектрондық өнімдер түрлерін өндірудің жоғары сапалы техникалық деңгейін жасау.

Бұл жобаны жүзеге асыру елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағытталған, осы арқылы ол Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүдделеріне сай келеді және өз өндірісімізді ұйымдастыру арқылы қорғаныстық тапсырыс өнімдері мен қызметтерінің импортын азайтуға мүмкіндік береді, бұл Қазақстан Республикасының ұлттық экономикасын сыртқы жағдайлардан қорғауға жағдай жасайды.

Жобаның қаржы-экономикалық негіздемесі 2017 жылғы 15 желтоқсанда сараптамадан өтіп, «Қазақстандық мемлекет-

тік-жеке меншік әріптестік орталығы» АҚ жағымды қорытындысына ие болды. Жобаның ҚЭН ҚР Ұлттық экономика министрлігімен мақұлданған.

Жоғарыда аталған инвестициялық жобалар импортты алмастыру, ішкі қажеттілікті қамсыздандыру және экспортқа шығу аясында Компанияның қорғаныс, азаматтық мақсаттағы өнімдерді өндіру және өткізу бойынша мақсаттарына жетуге бағытталған.

2018 жылы Компания келесі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру мүмкіндігін қарастырады: «Астана қаласында авиациялық-техникалық орталықты құру» (түзету)»

Жоба авиациялық техникаға сервистік қызмет көрсететін, күрделі және ағымдағы жөндеуді іске асыратын мамандандырылған авиациялық кәсіпорынның Қазақстанда толық форматты қызмет етуіне бағытталған. Қазіргі кезде бұл іс-шаралардың бәрі жақын шетел (Ресей Федерациясы, Беларусь, Украина) кәсіпорындарында жүргізіледі.

«Семей қаласында әскери және азаматтық мақсаттағы ауыр техникаға инженерлік-техникалық қызмет көрсету, жөндеу және жаңғырту орталығын құру (түзету)»

Жобаны жүзеге асыру мемлекеттің әскери қауіпсіздігін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді, Қарулы күштердің, Қазақстан Республикасының басқа әскерлері мен әскери құралымдарының жауынгерлік және мобилизациялануға өзіндік артады.

«Семей инжиниринг» АҚ Қазақстан Республикасы әлеуетті ведомстволарының қажеттіліктері үшін бронетанк техникасын күрделі жөндеуге және жаңғыртуға мүмкіндігі бар елдегі жалғыз кәсіпорын екенін ескерсек, нарықтың осы сараланымда-

рында мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты отандық өндіріспен қамтамасыз ету 100%-ды құрайды.

Жеке инвестициялық жобалар стратегиялық болып табылады және Қару-

лы күштерді технологиялық жаңғырту бағдарламасына сәйкес Қазақстан Республикасының қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ДАМУ

2017 жылы Компания халықаралық және әскери-техникалық ынтымақтастықты дамыту аясында 38 шет мемлекет қарулы күштерінің, кәсіпорындарының және қорғаныс-өнеркәсіп кешендері ұйымдарының делегацияларымен 170 астам кездесу өткізді.

Компания халықаралық қызметі барысында қол жеткізген әскери-техникалық саладағы уағдаластықтарды жүзеге асыру нәтижелері бойынша Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарын инновациялық-технологиялық дамытудың және олардың өнімдерін халықаралық нарықтарға шығарудың елеулі әлеуеті бар.

Өнімдерді халықаралық нарықтарға жылжыту сияқты қиын мәселені шешуде басты құралдардың бірі Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының қару-жарақ және әскери техника көрмелеріне, сондай-ақ, мамандандырылған форумдарға үнемі және белсенді қатысуы болып табылатынын айтып өткен жөн.

Осылайша, 2017 жылы Компания мынадай іс-шараларға Қазақстанның машина жасау өнімдерінің белсенді экспозиционері ретінде тікелей қатысты:

Халықаралық «Армия-2017» әскери-техникалық форумы (Кубинка қ., Мәскеу обл.).

Осы іс-шараны өткізу аясында Компания тікелей қатысушы – экспозиционер ретінде қатысты. Компания форумның көрме павильонында ауданы 227 шаршы метр біртұтас стендтің құрылысын іске асырды, онда Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсіп кешенінің кәсіпорындары әскери және екі жақты мақсаттағы бұйымдардың 60 натуралық үлгілері мен макеттерін көрмеге қойды. Бұған қоса, шет мемлекет органдарымен және қорғаныс компанияларымен іскерлік кездесулер өткізу үшін стендте екі келіссөз бөлмелері дайындалған.

Өткен жылы, экспортқа мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасының аясында алғаш рет «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ ресурсы іске қосылғанын да көрсеткен жөн. Еншілес ұйымдардың экспортқа бағдарланған өнімдерін дамыту үшін Компания «KAZAKH INVEST» ҰК» АҚ-мен ары қарай өзара әрекеттесуге ниет етеді.

2017 жылы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Өзбекстан Республикасына мемлекеттік сапары шеңберінде қазақстандық өн-

дірушілер өнімдерінің көрмесі өткізіле отырып, Қазақстан-Өзбекстан бизнес-форумы өтті.

Бұл бизнес-форумның барысында Компанияның Басқарма Төрағасы Нурбаев О.К. «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ қызметі және Қазақстан-Өзбекстан ынтымақтастығының даму келешегі» тақырыбындағы баяндамамен сөз сөйледі.

Өткізілген кездесулердің қорытындылары бойынша: «Узмахсусимпекс» МК, сонымен қатар «KRANTAS GROUP» ААҚ арнайы техниканы өндіру мәселесі бойынша Ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

Аталмыш іс-шараларға Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдары белсенді түрде қатысты. Компания «Узмахсусимпекс» МК жәрдемімен Өзбекстанның Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі, Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігі, Шекаралық қызметі және басқа мемлекеттік ведомстволарының өкілдері үшін Қазақстан Республикасы қорғаныс-өнеркәсіп кешені кәсіпорындарының өнімдері мен қызметтерінің презентацияларын өткізді.

Презентациялар келесі бөлімдер бойынша ұйымдастырылды:

«Авиациялық техника» («Еврокоптер Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «№405 авиажөндеу зауыты» АҚ, «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС, «Тыныс» АҚ және «Armytex» ЖШС);

«Құрлықтағы әскерлерге арналған техника және қару-жарақ» («Қазақстан Парамант инжиниринг» ЖШС,

«Семей инжиниринг» АҚ, «АСКБ Алатау ҒӨК» ЖШС, «КАЕ» ЖШС, «Петропавл ауыр машина жасау зауыты» АҚ және «АлмаДК» ЖШС);

«Байланыс құралдары» («С.М.Киров атындағы зауыт» АҚ, «ОТС Нәтуорк» ЖШС және «КАЕ» ЖШС);

«Қорғаныс құралдары және киім-кешегі» («Тыныс» АҚ, «Жасампаз» консорциумы);

«Теңіз техникасы» («Гидроаспап» ҒЗИ» АҚ, «Орал «Зенит» зауыты» АҚ).


Бұған қоса, Компания Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын Ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссиялардың Әскери-техникалық ынтымақтастық жөніндегі шағын комиссиялардың жұмысына қатысу аясында, бірқатар мемлекеттермен өзара әрекеттестікті тұрақты негізде жүзеге асырады.

КОМПАНИЯНЫҢ БОЛАШАҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ АРНАЛҒАН ЖОСПАРЛАРЫ МЕН МАҚСАТТАРЫ

- ▶ 2018 жыл ішінде Компания Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы «Жекешелендірудің 2016–2020 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» №1141 қаулысын ары қарай жүзеге асыруды жоспарлайды, оның аясында келесі жоспарланған:
 - Компанияның бес активін өткізу: «Омега» АЗ» АҚ (100%); «Семей машина жасау зауыты» АҚ (51%),

- «Тыныс» АҚ (51%), «С.М.Киров атындағы машина жасау зауыты» АҚ (51%), «Қазақстандық авиациялық индустрия» ЖШС (50%);
- Компанияның үш активін жою: «Талес Қазақстан инжиниринг» ЖШС, «Қаз-СТ Инжиниринг Бастау» ЖШС, «Спецмаш Астана» ЖШС (35%).

- ▶ Компанияның 2018–2027 жылдарға арналған Даму стратегиясын бекіту.
- ▶ халықаралық «KADEX-2018» көрмесін ұйымдастыруға және өткізуге қатысу.
- ▶ Халықаралық «АРМИЯ-2018» әскери-техникалық форумына қатысу.





КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУДЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫ

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі Қазақстан Республикасының заңнамасына, Компанияның құрылтай және ішкі құжаттарына негізделеді.

Компанияның негізге алынатын ішкі құжаттарының бірі «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2015 жылғы 27 мамырдағы шешімімен (№22/15 хаттама) бекітілген «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Корпоративтік басқару кодексі болып табылады.

Компания корпоративтік басқаруға жауапты дамудың және мәнді, әрі мүдделі тараптарға әсер ететін шешімдерді қабылдаудың ең маңызды элементтерінің бірі ретінде қарайды. Компания Компанияның өзіндегі және оның еншілес ұйымдарындағы корпоративтік басқару тәжірибелерінің корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне сәйкестігін қамтамасыз етеді және өз қызметінің айқындығын үнемі арттыра отырып, осы саладағы халықаралық қағидалар мен стандарттарға бет түзейді.

Бүгінгі таңда Компания корпоративтік басқару жүйесін дамытуда айтарлықтай жетістіктерге жетті. Осылайша, осы саладағы бірқатар маңызды бастама жүзеге асырылды, сондай-ақ, Компанияның және оның еншілес ұйымдарының қолда бар ішкі құжаттары өзекті етілді.


Компания мен еншілес (тәуелді) ұйымдардың қарым-қатынасы Компанияның және оның еншілес ұйымдарының тиісті органдары арқылы, бекітілген корпоративтік рәсімдердің аясында жүргізіледі.

Корпоративтік басқару жүйесін үздік қағидаларға және әлемдік тәжірибелерге сәйкес жетілдіру Компанияның басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда, Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қызметтің айқындығын арттыруға, Жалғыз акционермен, Сенімгер басқарушымен және инвесторлармен сенімді, әрі тиімді қатынастарды құруға және сақтауға бағытталған және келесі қағидаларға негізделген:

- ▶ Жалғыз акционердің, Сенімгер басқарушының құқықтары мен мүдделерін қорғау;
- ▶ Директорлар кеңесі мен Басқарманың Компанияны тиімді басқаруы;
- ▶ Компания қызметінің айқындығы және объективтілігі;
- ▶ заңдылық және этика;
- ▶ тиімді дивидендтік саясат;
- ▶ тиімді кадр саясаты;
- ▶ қоршаған ортаны қорғау;
- ▶ еңбек жағдайларының қауіпсіздігі;
- ▶ корпоративтік дауларды және мүдделер қайшылығын реттеу;
- ▶ жауапкершілік.

Дүниежүзілік қауымдастықпен мойындалған корпоративтік басқару қағидаларына негізделген Компанияның Корпоративтік басқару кодексі Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің қағидаларын анықтайтын және оның дамуын қамтып көрсететін негізгі құжаттардың бірі болып табылады.



КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Компанияның қызметіне жалпы басшылық ету Директорлар кеңесімен жүргізіледі.

Директорлар кеңесі өз өкілеттіктерін «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, Жарғыға және Компанияның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің қызметі парасаттылық, тиімділік, белсенділік, адал ниеттілік, адалдық, жауапкершілік, дәлдік, кәсіпқойлық, объективтілік және жүйелілік қағидаларына негізделеді.

2017 жылы Директорлар кеңесінің мүшесі болғандар:

Мамин Аскар Узакпаевич	Директорлар кеңесінің Төрағасы 30.01.2017 жылдан бастап
Раимбеков Сайлаухан Газизович	Директорлар кеңесінің мүшесі, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкілі Өкілеттік мерзімі: 01.2017-09.2017
Туткушев Ержан Бексултанович	Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі 04.05.2016 жылдан бастап
Муратбаев Аният Каипбергенович	Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ өкілі 30.01.2017 жылдан бастап
Арсланова Зарина Фуатовна	Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор 30.01.2017 жылдан бастап
Бақберген Дәулет Бақбергенұлы	Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор Өкілеттік мерзімі: 30.01.2017 - 22.11.2017
Бобров Владимир Яковлевич	Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор 30.01.2017 жылдан бастап
Егимбаева Жанна Дачеровна	Директорлар кеңесінің мүшесі, Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкілі 28.06.2017 жылдан бастап
Нурбаев Орман Каримович	Директорлар кеңесінің мүшесі Компанияның Басқарма Төрағасы 14.09.2017 жылдан бастап
Курманғалиев Асет Кабиевич	Директорлар кеңесінің мүшесі 11.10.2017 жылдан бастап
Аханзарипов Нурлан Заманбекович	Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор 22.11.2017 жылдан бастап

Компанияның Директорлар кеңесі құрамына 2017 жыл ішінде кезеңі өзгерістер енгізілді:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы бұйрығымен Компанияның Директорлар кеңесі жаңа құрамда ұйымдастырылды: Мамин А.У., Туткушев Е.Б., Муратбаев А.К., Раимбеков С.Г., Бобров В.Я., Арсланова З.Ф., Бақберген Д.Б., өкілеттік мерзімі 3 (үш) жыл.

2017 жылғы 28 маусымда Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығына сәйкес, Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі – Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің өкілі болып Ж.Д. Егимбаева сайланды.

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 14 қыркүйектегі бұйрығымен Раимбеков С.Г. өкілеттігі мерзімінен

бұрын тоқтатылды, сонымен бірге Директорлар кеңесінің құрамына Компанияның Басқарма Төрағасы О.К. Нурбаев сайланды.

2017 жылғы 11 қазанда Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бұйрығына сәйкес, Директорлар кеңесінің құрамына Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібінің вице-министрі Курманғалиев А.К. сайланды.

КОМПАНИЯНЫҢ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

31.12.2017 жылғы жағдай бойынша
По состоянию на 31.12.2017 года



МАМИН АСКАР УЗАКПАЕВИЧ

**Директорлар кеңесінің Төрағасы,
Қазақстан Республикасы Премьер-
Министрінің Бірінші орынбасары**

Туған күні: 23.10.1965

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

Целиноград инженерлік-құрылыс институтын, мамандығы «Инженер-құрылысшы», және Г.В. Плеханов атындағы Ресей экономика академиясын, мамандығы «Экономист», бітірген.

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 09.2016 – қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары.
- 04.2008 – 09.2016 «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» АҚ Президенті

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



ЕГИМБАЕВА ЖАННА ДАЧЕРОВНА

**Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрлігінің өкілі
Компанияның Директорлар кеңесінің
Тағайындаулар және сыйақылар
жөніндегі комитетінің мүшесі**

Туған күні: 12.05.1953

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1980 жыл – Талдықорған заң техникумы
- 1988 жыл – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті

**Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны
және ұйымдарда атқарған қызметі:**

- 2016 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі
- 2011–2016 жылдар – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңсе Басшысының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



КУРМАНГАЛИЕВ АСЕТ КАБИЕВИЧ

**Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қазақстан Республикасы Қорғаныс
және аэроғарыш өнеркәсібінің Вице-
министрі Компанияның Директорлар
кеңесінің Стратегия және
инвестициялар жөніндегі комитетінің
мүшесі**

Туған күні: 01.12.1965

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1993 жыл –Қарағанды мемлекеттік университеті, мамандығы «Юриспруденция»

**Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны
және ұйымдарда атқарған қызметі:**

- 09. 2017 қазіргі уақытқа дейін – ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібінің Вице-министрі.
- 2011–2015 жылдар – «Қазспецэкспорт» РМК Бас директоры

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



ТУТКУШЕВ ЕРЖАН БЕКСУЛТАНОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық – Қазына» АҚ өкілі

Туған күні: 10.12.1981

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 08.2006 – 08.2007 жж. – University of Illinois at Urbana-Champaign Мамандығы «Қаржы магистрі»
- 09.1999 – 06.2004 жж. – Санкт-Петербург Мемлекеттік экономика және қаржы университеті. Мамандығы: «Қаржылық талдау және бухгалтерлік есеп»

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 01.2018 қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді дамыту жөніндегі департаментінің директоры – басқарма мүшесі
- 08.2014 – 01.2018 жж. – «Самұрық – Қазына» АҚ Бизнесі дамыту жөніндегі Бас директорының орынбасары, жаңа салаларды дамыту жөніндегі Бірлескен директор
- 11.2012 – 08.2014 жж. – PricewaterhouseCoopers Tax and Advisory бағалау және бизнесті модельдеу менеджері

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



МУРАТБАЕВ АНИЯТ КАИПБЕРГЕНОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық – Қазына» АҚ өкілі

Туған күні: 21.07.1978

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1999 жыл – Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, Мамандығы «Құқықтану»
- 2018 жыл – «ҚАЗГЗУ Университеті» АҚ, Мамандығы «Қаржы»

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Самұрық-Қазына» АҚ Активтерді дамыту департаментінің Аға менеджері
- 2016 – 2017 жж. «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа жобаларды дамыту департаментінің Аға менеджері
- 2014– 2016 жж. – «Самұрық-Қазына» АҚ Мұнай-газ және индустриалды активтер дирекциясының Бас сарапшысы.
- 2011–2014 жж. – «Самұрық-Қазына» Индустриалды активтер дирекциясының Бас сарапшысы.

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



БОБРОВ ВЛАДИМИР ЯКОВЛЕВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің Төрағасы.

Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі. Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитетінің мүшесі

Туған күні: 14.08.1953

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

1975 жыл – Павлодар индустриалды институты, Мамандығы «Инженер-электрик»

Ғылыми атағы, дәрежесі:

- Техника ғылымдарының кандидаты
- Доцент

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 2012–2016 жылдар – Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының депутаты, Қазақстан Республикасының Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары жөніндегі комитетінің мүшесі
- 2010–2011 жылдар – Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



АРСЛАНОВА ЗАРИНА ФУАТОВНА

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің Төрағасы

Туған күні: 22.12.1960

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1978–1983 – С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, Мамандығы «Саяси экономика»

Ғылыми атағы, дәрежесі:

- Экономика ғылымдарының кандидаты
- Доцент

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 2015 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – «Dala Mining» ЖШС консультанты, басқарушы комитетінің мүшесі
- 2007–2015 – Жеке коммерциялық ұйымдардың басшысы

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



АХАНЗАРИПОВ НУРЛАН ЗАМАНБЕКОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор. Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитетінің Төрағасы. Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің мүшесі. Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитетінің мүшесі

Туған күні: 17.12.1965

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 2015 жыл – Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Мамандығы «Геология және пайдалы қазбалар кен орындарын барлау»
- 1995 – ҚР Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжау институты, Іскерлік Өкімшілендіру Шебері
- 1991 – Семей технологиялық институты, Шәкәрім атындағы Семей университеті, Мамандығы «Бухгалтер-экономист, есеп және аудит»

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 06.2016 қазіргі уақытқа дейін – «Алматы қаласының консультациялық қызметтерінде» қаржы консультанты
- 12.2014-03.2016 – «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС экономика және қаржы жөніндегі Бас директорының орынбасары
- 10.2014-01.2015 – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі
- 01.2006-08.2014 – «Интергаз Орталық Азия» АҚ экономика және қаржы жөніндегі Бас директорының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



НУРБАЕВ ОРМАН КАРИМОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы

Туған күні: 12.12.1966

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1987 жыл – Красноярск жоғарғы командалық әуе шабуылына қарсы қорғаныс радиоэлектроникасы училищесі, Мамандығы «Инженер»
- 1997 жыл – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғарғы мемлекеттік басқару мектебі, Мамандығы «Халықаралық қатынастар»

Ғылыми атағы, дәрежесі, қызметі:

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 08.2017 – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы
- 2012–2017 жылдар – Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі
- 2007–2012 жылдар – Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ

2017 жылы Компанияның Директорлар кеңесі іштей нысанда 10 отырыс өткізді, онда 84 мәселе қаралды.

2017 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшесі	Отырыстарға қатысу көрсеткіші	%
Мамин Аскар Узакпаевич 01. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	10/10	100%
Туткушев Ержан Бексултанович 01. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	8/10	80%
Муратбаев Аният Каипбергенович 01. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	9/10	90%
Арсланова Зарина Фуатовна 01. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	9/10	90%
Бобров Владимир Яковлевич 01. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	10/10	100%
Бақберген Дәулет Бақбергенұлы 01. – 11.2017 жылғы кезең ішінде	7/8	87,5%
Егимбаева Жанна Дачеровна 06. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	6/7	85,7%
Раимбеков Сайлаухан Газизович 01. – 09.2017 жылғы кезең ішінде	5/6	83,3%
Нурбаев Орман Каримович 09. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	4/4	100%
Курманғалиев Асет Кабиевич 10. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	2/3	66,6%
Аханзарипов Нурлан Заманбекович 11. – 12.2017 жылғы кезең ішінде	2/2	100%

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілді:

Стратегиялық мәселелер:

- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2018–2022 жылдарға арналған Бизнес-жоспары (Даму жоспары) бекітілді;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Жалғыз акционерінің болжалдарын жүзеге асыру бойынша 2018–2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ «қызыл» тәуекел аймағынан шығару бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ қызметінің 2018–2022 жылдарға арналған стратегиялық түйінді көрсеткіштері тізбесі бекітілді;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ контрагент-банктеріне теңгерімдік және теңгерімнен тыс міндеттемелер бойынша лимиттер қойылды.

Корпоративтік басқару мәселелері:

- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2016 жылғы жылдық есебі бекітілді;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Ақпаратты ашу жөніндегі саясаты бекітілді;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Комплаенс-офицер туралы Ережесі бекітілді;
- ▶ 2016 жыл ішінде Корпоративтік басқару кодексінің қағидалары мен ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп қаралды.

Кадр саясаты мәселелері:

- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ еншілес ұйымдарының директорлар кеңесі мүшелерінің сандық құрамын, олардың өкілеттік мерзімін белгілеу және оларды сайлау бойынша шешімдер қабылданды;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ ұйымдық құрылымы бекітілді;

- ▶ кейбір Басқарма мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы және жаңа Басқарма мүшелерін сайлау туралы шешімдер қабылданды;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ жетекші қызметкерлеріне, Корпоративтік хатшысына және Ішкі аудит қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және сыйлықақы беру ережелеріне өзгертулер енгізілді.
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Комплаенс-офицер туралы Ережесі бекітілді.

Мәмілелер жөніндегі мәселелерді қарау:

- ▶ Банк пен Компания арасында жасалған Несие желісін беру туралы келісімнің, несие желісінің әрекет ету мерзімін ұзартуды көздейтін, қосымша келісіміне қол қою арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен

ірі мәміле жасау туралы шешім қабылданды;

- ▶ 2017–2019 жылдарға арналған мемлекеттік қорғаныстық тапсырысты орындау аясында жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді жасау мақұлданды;
- ▶ «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ 2013–2022 жылдарға арналған Даму стратегиясының бөлімін түзеу бойынша қызметтерді сатып алу туралы «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ-мен мәміле жасау мақұлданды;
- ▶ «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-дағы қарыз бойынша негізгі борышты өтеу мақсаттарында «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ міндеттемелерін 6 млрд. теңге сомасына көбейту туралы шешім қабылданды.

Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған немесе Директорлар кеңесі Компанияның атқарушы органының қызметін бақылау және Директорлар кеңесіне қажетті ұсынымдарды әзірлеу тәртібінде қарастыратын мәселелерді мұқият пысықтау үшін құрылды:

- **Аудит жөніндегі комитет;**
- **Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;**
- **Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитет.**

Комитеттер Директорлар кеңесінің 3 мүшесінен тұрады, олардың бірі Комитет төрағасы болып табылады. Сонымен бірге Директорлар кеңесі комитеттерінің құрамына қажетті кәсіби білімге ие сыртқы сарапшылар да кірді. Комитет мүшелерінің өкілеттік мерзімдері олардың Директорлар кеңесінің мүшелері ретіндегі өкілеттік мерзімдеріне сәйкес келеді.

Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті

Компанияның қаржы-шаруашылық қызметін тиімді бақылау жүйесін орнату; ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ, корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау; сыртқы және ішкі аудиттің тәуелсіздігін, сонымен қатар Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ету үрдісін бақылау және т.б. бойынша ұсынымдар әзірлеу арқылы Компанияның Директорлар кеңесіне жәрдемдеседі.

2017 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті 10 іштей отырыс өткізді, онда 52 мәселе қаралды.

Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері	Кезең	Отырыстарға қатысу көрсеткіші	%
Арсланова Зарина Фуатовна	01 – 12.2017	10/10	100%
Бобров Владимир Яковлевич	01 – 12.2017	10/10	100%
Бақберген Дәулет Бақбергенұлы	01 – 11.2017	8/8	100%
Аханзарипов Нурлан Заманбекович	11 – 12.2017	2/2	100%

Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті тағайындаулар, тәуелсіз директорларға, Басқарма мүшелеріне, Ішкі аудит қызметіне және корпоративтік хатшы аппаратына сыйақы төлеу мәселелері

бойынша ұсынымдар әзірлейді; Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Компанияның ішкі құжаттарының ережелеріне және т.б. сәйкес өз құзыреті шегіндегі өзге мәселелер бойынша ұсынымдар береді.

2017 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитеті 6 іштей отырыс өткізді, онда 23 мәселе қаралды:

Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет	Кезең	Отырыстарға қатысу көрсеткіші	%
Бобров Владимир Яковлевич	01 – 12.2017	6/6	100%
Раимбеков Сайлаухан Газизович	01 – 09.2017	5/5	100%
Бақберген Дәулет Бақбергенұлы	01 – 11.2017	6/6	100%
Егимбаева Жанна Дачеровна	06 – 12.2017	1/1	100%

Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеті Компанияның даму стратегиясы, даму жоспарлары, инвестициялық

жобаларды жүзеге асыру, активтерді басқару және т.б. мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлейді.

2017 жылы Компанияның Директорлар кеңесінің Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеті 10 іштей отырыс өткізді, онда 37 мәселе қаралды.

Стратегия және инвестициялар жөніндегі комитеттің мүшелері	Кезең	Отырыстарға қатысу көрсеткіші	%
Бобров Владимир Яковлевич	01 – 12.2017	10/10	100%
Бақберген Дәулет Бақбергенұлы	01 – 11.2017	7/7	100%
Раимбеков Сайлаухан Газизович	01 – 09.2017	5/5	100%
Курманғалиев Асет Кабиевич	10 – 12.2017	1/3	33,3%
Аханзарипов Нурлан Заманбекович	11 – 12.2017	3/3	100%

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, Компанияның Сенімгер басқарушысының Жалғыз акционер құқығына негізделген шешімімен тәуелсіз директорларға – Компанияның Директорлар кеңесі мүшелеріне сыйақы төленеді және олардың өз атқарымдарын орындауға байланысты шығындарының орны толтырылады. Бұндай сыйақылар мен өтемақылардың мөлшері Компанияның Сенімгер басқарушысының шешімімен белгіленеді.

Компанияда орнатылған тәртіпке сәйкес, Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттерін орындағаны үшін төленетін сыйақы тек қана келесіні қамтиды:

- тиянақталған жылдық сыйақы;
- Компанияның Директорлар кеңесі комитеттерінің іштей отырыстарына қатысқаны үшін төленетін қосымша жылдық сыйақы.

Сонымен бірге сыйақы Директорлар кеңесінің отырыстарына (іштей/сырттай)

қатысу шартымен төленетінін ескертіп өткен жөн, ауру себебімен отырыстарға қатыспау жағдайларын қоспағанда, тиянақталған жылдық сыйақы төленбейді.

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде есептелген сыйақылардың жалпы сомасы төмендегі кестеде көрсетілген.

Тәуелсіз директор	Кезең	Сыйақы (теңге)
Бобров Владимир Яковлевич	01 – 12.2017	7 180 312
Арсланова Зарина Фуатовна	01 – 12.2017	7 180 312
Бақберген Дәулет Бақбергенұлы	01 – 11.2017	6 336 689
Раимбеков Сайлаухан Газизович	01 – 09.2017	3 379 172
Егимбаева Жанна Дачеровна	06 – 12.2017	3 881 250
Аханзарипов Нурлан Заманбекович	11 – 12.2017	852 699

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№44/17 хаттама), Компанияның Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен, №2 хаттама, бекітілген Директорлар кеңесі мен оның

комитеттерінің, Төрағаның, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде, «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің,

Төрағаның, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау жөніндегі ережелері бекітілді.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Компанияның Ішкі аудит қызметі Компанияның Директорлар кеңесі шешімімен 2007 жылы құрылды.

Компанияның Ішкі аудит қызметінің штат саны – 4 адам.

Ішкі аудит қызметі әрекетінің негізгі мақсаты – тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару жүйелерін жетілдіруге жүйелік тәсілдемені енгізу арқылы Директорлар кеңесіне Компанияны тиімді басқаруға арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты ұсыну.

Ішкі аудит қызметінің әрекеті Компанияның Ішкі аудит қызметі туралы Ережемен, Ішкі аудитті ұйымдастыру жөніндегі саясатпен және өзге ішкі нормативтік құжаттармен регламенттеледі.

ІАҚ өзінің әрекеті туралы есепті Аудит жөніндегі комитеттің және Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын ұсынады.

Ішкі аудит қызметінің 2017 жылға арналған Жылдық аудиторлық жұмыс жоспары Компанияның Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен (№ 10 хаттама) бекітілген.

Жылдық аудиторлық жұмыс жоспарына сәйкес, 2017 жылы Ішкі аудит қызметі мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс, инновациялық-технологиялық даму және маркетингтік саясат, корпоративтік басқару жүйесі, сонымен қатар «Семей инжиниринг» АҚ қызметі, Компанияның жетекші қызметкерлерінің қызметтің түйінді көрсеткіштерін орындауы және Ком-

панияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау бойынша бизнес-үрдістерді тексеруге байланысты аудиторлық тапсырмаларды (жалпы Компания тобы бойынша) орындады. Сондай-ақ, Компанияда орнаған ішкі саясаттардың «Самұрық-Қазына» АҚ қазынашылық операциялар бойынша және тәуекелдерді басқару саласындағы, сонымен қатар заңды тұлғаның капиталындағы активтерді (қатысу үлестерін) басқару жөніндегі мәселелер бойынша корпоративтік стандарттарына сәйкестігін бағалаумен байланысты, Директорлар кеңесінің тапсырмасы бойынша жоспардан тыс аудиторлық тексерістерді іске асырып, Компанияның Директорлар кеңесінің сенім желісіне түскен жолданымдар бойынша тексерістерді жүргізді.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ

Корпоративтік хатшыға Директорлар кеңесінің қызметін тиімді ұйымдастыруды және Директорлар кеңесінің, атқарушы органның Жалғыз акционермен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету міндеті жүктеледі. Корпоративтік хатшы Компанияның органдары мен лауазымды тұлғаларының Жалғыз акционердің құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге бағытталған рәсімдерді сақтауын, сондай-ақ, Компанияның корпоративтік басқару аясында корпоративтік басқару саласындағы заңнаманың ережелері мен нормаларын, Жарғы мен Компанияның өзге ішкі құжаттарының ережелерін ұстануын қамтамасыз етеді.

Корпоративтік хатшының атқарымдары, мәселелері және міндеттері Корпоративтік хатшы туралы Ережеде қарастырылған.

Осылайша, Корпоративтік хатшы өз қызметінің аясында Директорлар кеңесі отырыстарының дайындалуы мен өткізілуін бақылайды, Директорлар кеңесінің отырысына күн тәртібінің мәселелері бойынша мағлұматтардың қалыптасуын қамтамасыз етеді, оларға қолжетімділікті қадағалайды.

Корпоративтік хатшы Директорлар кеңесі мүшелерінің айқын және анық ақпаратты уақтылы алуын қамтамасыз етеді.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 30 наурыздағы шешіміне сәйкес, 2017 жылы Компанияның Корпоративтік хатшысы Уалиева Айнуր Түлегеновна болып табылды.

КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРМАСЫ

Компанияның ағымдағы қызметін алқалы атқарушы орган – Басқарма басқарады, ол Компания қызметінің, басқа органдардың құзыретіне жатқызылмаған, мәселелері бойынша шешімдер қабылдайды.

Басқарманың сандық құрамын, өкілеттік мерзімін белгілеу, Басқарма Төрағасын және мүшелерін сайлау (тағайындау), сонымен қатар олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ, қызметтің түйінді көрсеткіштерін және Компания Басқармасының Төрағасы мен мүшелері үшін олардың мақсатты мандерін бекіту

Компанияның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған.

Басқарма «Акционерлік қоғамдар туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңдарына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне, Компанияның Басқармасы туралы Ережеге және Компанияның өзге ішкі құжаттарына сәйкес әрекет етеді.

Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтау қағи-

дасы негізінде құрылған және Жалғыз акционер, Сенімгер басқарушы және Компанияның Директорлар кеңесі шешімдеріне толығымен есеп беруге міндетті.

Алдын ала қарау, алқалы шешімдерді қабылдау және Компанияның Басқармасына жетекшілікке алынған мәселелер бойынша ұсынымдар дайындау мақсатында, Компанияда Басқарманың жанында консультациялық-кеңесші органдар – үш комитет және екі комиссия құрылған:

Тәуекелдер жөніндегі комитет Тәуекелдер жөніндегі комитет

Компанияның тәуекелдерін басқару; тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру және сақтау; тәуекелдерді айқындауға, өлшеуге, байқауға және бақылауға арналған үрдістерді дамыту; саласында шешімдер қабылдаған кезде Компанияның Басқармасына жәрдемдеседі, сонымен қатар Компанияда және оның еншілес/тәуелді ұйымдарында тәуекелдерді басқару бойынша жұмыстың үйлесуін бақылау жөніндегі ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлейді.

Инвестициялық-инновациялық комитет

Компания мен оның кәсіпорындарының инвестициялық және инновациялық қызметінің тиімділігін арттыруда, сонымен бірге қазақстандық қамтуды дамыту мәселелері бойынша бірыңғай саясатты қалыптастыруда Компанияның Басқармасына жәрдемдеседі.

Несие комитеті

Несие (қарыз) беру, қаржылық көмек және кепілдік, Компанияның активтері мен пассивтерін басқару, ақшалай қаражатты орналастырумен, Компанияның табыстылығын арттырумен байланысты тәуекелдерді азайтумен байланысты мәселелер бойынша уақтылы және сапалы шешім қабылдауды қамтамасыз етуде Компанияның Басқармасына жәрдемдеседі.

Бюджет комиссиясы

Еншілес және тәуелді ұйымдардың басқару органдарында Компанияның бекітуге шығарылатын бюджеттер, даму жоспарлары және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, сондай-ақ, тиісті қаржы кезеңіне Компанияның бюджет жобасын уақтылы және сапалы жасап шығару, оны түзету және орындау бойынша ұсыныстарды әзірлеу бойынша бірыңғай өкілдер жайғасымын әзірлеуде Компанияның Басқармасына жәрдемдеседі.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ

31.12.2017 жылғы жағдай бойынша



НУРБАЕВ ОРМАН КАРИМОВИЧ

Басқарма Төрағасы

Туған күні: 12.12.1966

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1983 – 1987 жж. – Красноярск жоғарғы командалық әуе шабуылына қарсы қорғаныс радиоэлектроникасы училищесі, Мамандығы – Инженер
- 1996 – 1997 жж. – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Ұлттық Жоғарғы мемлекеттік басқару мектебі, Халықаралық қатынастар саласындағы маман

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және атқарған қызметі:

- 08.2017 қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасы
- 11.2012 – 08.2017 жж. – Қазақстан Республикасының Түрікменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі
- 09.2007 – 11.2012 жж. – Қазақстан Республикасының Моңғолиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі

Өртүрлі жылдары Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде; Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігінде, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде жетекшілік лауазымдарға ие болған, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Өзбекстан Республикасындағы, Тәжікстан Республикасындағы Елшіліктерінде және Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Елшілігінде бірінші хатшы болып табылған.

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



БАҚБЕРГЕН ДАУЛЕТ БАҚБЕРГЕНОВИЧ

Басқарма Төрағасының орынбасары

Туған күні: 03.01.1972

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1989 – 1994 жж. – Қызылорда агроөнеркәсіп өндірісі инженерлері институты, Мамандығы «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс»
- 1997 жыл – Мәскеу халықаралық бизнес және ақпараттық технологиялар институты, Мамандығы «Қаржы және несие»

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және атқарған қызметі:

- 11.2017 – қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
- 01.2017 – 11.2017 жж. – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директоры
- 2014 – 2016 жж. – «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарушы директоры, өңдеу өнеркәсібі департаментінің директоры
- 2010–2014 жж. – Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Өнеркәсіп комитеті төрағасының орынбасары

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



МЫНШАРИПОВА САЯ НАЙМАНБАЙҚЫЗЫ

Басқарма Төрағасының орынбасары

Туған күні: 19.10.1970

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 2008 – 2010 жж. – М.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетінің Жоғарғы бизнес мектебі, Мәскеу қ. Executive MBA дәрежесі
- 1987 – 1992 жж. – Қазақ Мемлекеттік экономика университеті, Алматы қ. Мамандығы, біліктілігі – бухгалтерлік есеп және шаруашылық қызметін талдау

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 02.2015 – қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
- 2008–2015 жж. – «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ Аудит және бақылау департаментінің директоры

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ



МУКУШЕВА МАДИНА ШЕРИЯЗДАНОВНА

Басқарма Төрағасының орынбасары

Туған күні: 31.07.1971

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Білімі:

- 1988 –1994 жж. – Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университеті, Мамандығы «Құқықтану»

Соңғы бес жыл ішіндегі жұмыс орны және ұйымдарда атқарған қызметі:

- 11.2017 – қазіргі уақытқа дейін – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарма Төрағасының орынбасары
- 02.2017 – 11.2017 жж. – «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Басқарушы директоры, Басқарма мүшесі
- 02.2014 – 02.2017 жж. – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің Заң бөлімі секторының меңгерушісі
- 11.2012 – 02.2014 жж. – «Самұрық – Энерго» акционерлік қоғамының корпоративтік басқару департаментінің директоры

Компанияның акцияларын, компанияның жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелену: жоқ

БАСҚАРМАНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ

2017 жылы Компания Басқармасының 38 отырысы өткізілді. Компания Басқармасының отырыстарында мынадай сұрақтарға ерекше көңіл бөлінді:

- Компанияның кейбір еншілес ұйымдардың акциялар (қатысу үлестері) пакеттерін иеліктен шығаруы;
- Компанияның ЕТҚ акционерлері/қатысушылары жалпы жиналысының құзыретіне жататын мәселелер бойынша шешім қабылдау;

- Компанияның қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекіту;
- Компанияның еншілес ұйымдары атқарушы органдарының кейбір басшыларын тағайындау;
- Директорлар кеңесінің және Жалғыз акционердің қарауына салынатын мәселелер жөніндегі мағлұматтарды алдын ала қарау және мақұлдау;
- Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесінің кейбір мәселелерін талқылау.

Тұтас алғанда есепті кезең ішінде Компанияның Басқармасы Компанияның алдына қойылған мәселелерді тиімді шешу үшін Жалғыз акционермен және корпоративтік қатынастардың барлық мүдделі тараптарымен өзара әрекеттесті.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 22 қарашадағы шешімімен (№9 хаттама) Компания Басқармасының өкілеттік мерзімі 3 жылға созылды.

БАСҚАРМАНЫҢ СЫЙАҚЫСЫ

Жетекші қызметкерлердің, Басшының және Ішкі аудит қызметі, Корпоративтік хатшы қызметкерлерінің және оның аппараты қызметкерлерінің қызметін бағалау және оларға сыйақы беру, сондай-ақ, Компанияның жетекші қызметкерлеріне сыйақы төлеу шарттары, тәртібі Компанияның Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 19 қарашадағы шешімімен бекітілген аталмыш қызметкерлерді бағалау Ережелерімен регламенттелген.

Қызметтің нәтижелері бойынша сыйақылар (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді сыйақылар) қол жеткізген жетістіктер үшін материалдық көтермелеу және жұмыстың

тиімділігін арттыру мақсатында, жұмыс нәтижелеріне байланысты төленеді және тұрақты сипатқа ие емес.

Жетекші қызметкерлер қызметінің тиімділігін бағалау рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

- уәждемелік қызметтің түйінді көрсеткіштерін (ҚТК) таңдау, мақсатты мәндерді орнату;
- уәждемелік ҚТК бекіту;
- нәтижелілікті бақылау;
- нақты нәтижелілікті есептеу және бекіту.

Жыл ішіндегі жұмыстың қорытындылары бойынша сыйақы төлеудің негізгі шарты есепті жыл ішінде сыйақыны төлеу үшін жоспарланған соманы есепке ала отырып есептелген шоғырландырылған қорытынды пайданың бар болуы болып табылады.

Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 16 мамырдағы шешімімен (№3 хаттама) Компанияның Басқарма Төрағасы мен мүшелерінің 2017 жылғы арналған мақсатты мәндері бар, қысқа мерзімді қызметтің түйінді көрсеткіштері карталары бекітілді.

КОМПАНИЯНЫҢ БАСҚАРМА ХАТШЫСЫ

Басқарма хатшысы Компанияның қызметкері болып табылады және Компанияның Жарғысы мен Директорлар кеңесінің 2012 жылғы 23 қарашадағы шешімімен (№94 хаттама) бекітілген Басқарма туралы Ереже негізінде әрекет етеді.

Басқарма хатшысының атқарымдарына жатады:

- Басқарманың жұмыс жоспарын өзірлеу, бекіту және бақылау, Басқарманың жұмыс жоспарын орындау барысы туралы есепті дайындау;
- Басқарма отырысының күн тәртібін және Басқарма отырысының күн тәртібіне сәйкес мағлұматтарды қалыптастыру;
- Компания Басқармасының шешімдерін рәсімдеу;

- Басқарма отырысына мағлұматтардың уақтылы ұсынылуын және олардың толықтығын қадағалау;
- Басқарма шешімдерінің орындалуын бақылау және қадағалау.

2017 жылы Компанияның Басқарма хатшысы Кусаинова Армангуль Каирбековна болып табылды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ ЖӘНЕ ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ

Ішкі бақылау жүйесі

Компанияның Ішкі бақылау жүйесі корпоративтік басқару жүйесінің ажырамас бөлігі болып табылады және басқарудың барлық деңгейлерін қамтиды.

Компанияның ішкі бақылау жүйесінің аясындағы қызметі Директорлар кеңесінің 2014 жылғы 27 маусымдағы шешімімен (№7 хаттама) бекітілген Компанияның ішкі бақылау жүйесі туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Ішкі бақылау жүйесі туралы ережеде Директорлар кеңесінің Компанияда тәуекелге бағдарланған төсілдемені қолдана отырып, ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру, бақылау және бағалау үшін жауапкершілігі бекітілген. Компанияның Басқармасы ішкі бақылау жүйесінің тиімді қызмет етуі үшін жауапты.

Сонымен бірге Компанияның Ішкі аудит қызметі Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тұрақты мониторингінің бөлігі ретінде әрекет етеді және ішкі бақылау жүйесінің қойылған мақсаттарға, міндет-

терге және берілген өлшемшарттарға сәйкестігін тікелей бағалайды және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша ұсынымдар береді.

Тәуекелдерді басқару

Компанияда ішкі және сыртқы жағымсыз факторлардың Компанияның қызметіне тигізетін әсер ету дәрежесін шектеу арқылы қызметтің үздіксіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған тәуекелдерді басқару жүйесі қызмет етеді.

Компанияның тәуекел-менеджменті Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, Басқарманың, құрылымдық бөлімшелердің – тәуекел иелерінің, сонымен қатар тәуекел-менеджерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

Компания өзінің қызметін төрт санат бойынша бөлінген тәуекелдердің кең ауқымды спектрін есепке ала отырып орындайды: стратегиялық, қаржылық, құқықтық және операциялық тәуекелдер.

Компаниядағы тәуекелдерді басқару үрдісі Компанияның Директорлар кеңесімен, «Самұрық-Қазына» АҚ Тәуекелдерді хеджерлеу бойынша ережелерімен, Инвестициялық жобалардың тәуекелдерін бағалау ережелерімен бекітілген Тәуекелдерді басқару саясатымен, Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелерімен, Қаржылық тәуекелдердің жеке түрлерін (валюталық, несиелік, пайыздық және сақтандыру тәуекелдері) басқару ережелерімен және Компанияның Басқармасымен бекітілген Жүзеге асырылған тәуекелдерді есепке алу әдістемесімен регламенттеледі.

Компанияда жыл сайын тәуекелдерді сәйкестендіру, оларды бағалау және тәуекелдерді басқару бойынша шараларды әзірлеу іске асырылады.

Тоқсан сайынғы негізде тәуекел иелерінің қатысуымен тәуекелдердің мониторингі жүргізіледі, тәуекелдерді басқару бойынша шараларды жүзеге асырудың мониторингі жүзеге асырылады, сонымен қатар жүзеге асырылған тәуекелдердің базасы

жүргізіледі. Сыртқы және/немесе ішкі тәуекелдер өзгерген кезде тәуекелдерді қайта бағаланады, тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар қайта қаралады.

2017 жыл бойы Тәуекелдер жөніндегі комитет өз қызметін жүзеге асырды, оның міндеті Компанияның Басқармасына тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ұсынымдарды дайындау болып табылады. 2017 жылы 6 отырыс өткізілді, онда 8 мәселе қаралды. Тәуекелдер жөніндегі комитет өз қызметінің қорытындыларын туралы Басқарма алдында есеп береді.

Компанияның әрбір құрылымдық бөлімшесінде тәуекел-менеджмент мәселелеріне жетекшілік ететін және жетекшілікке алынған құрылымдық бағытқа тән тәуекелдерді айқындауда және бағалауда, тәуекелдер бойынша есептілікті дайындауда, тәуекелдерді басқару секторымен өзара әрекеттесуде жәрдемдесетін қызметкер анықталған.

2017 жылы «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ алғаш рет корпоративтік басқару жүйесі тиімділігінің тәуелсіз бағалауын өткізді («КПМГ Такс энд Эдвайзори»). Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау 60%-ды құрады.

Тәуелсіз бағалау нәтижелері жөніндегі есепті Компанияның Директорлар кеңесі назарға алды.

Қарыздар мен облигацияларға қызмет көрсету және оларды өтеу, қаржы тұрақсыздығының туындауы, өтемпіздықтан айырылу тәуекелдерін және еншілес ұйымдардың Компаниямен берілген қарыз қаражатын қайтармау тәуекелін басқару

Қарыздар мен облигацияларға қызмет көрсету және оларды өтеу үшін қаражаттың жеткіліксіздігі фактілеріне жол бермеу, ақша ағындарын тиімді басқару және еншілес ұйымдардың Компаниямен берілген қарыз қаражатын қайтаруы мақсатында, табыс бөлігінің мониторингі жүйелі негізде жүргізілді, мониторингінің нәтижелері тәуекелдер жөніндегі есептің аясында Басқармада, Директорлар кеңесінде тоқсан сайын қаралды.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы берешекті қайта қаржыландыру үшін «Самұрық-Қазына» АҚ уақытша қаржылық көмегі тартылды. Тартылған қарыздың нәтижелері бойынша, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ алдындағы борыштың бөлігі төленді.

Компания қарызды қайта құрылымдау туралы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен келіссөз өткізді, оның нәтижелері бойынша қарыздың мерзімін ұзарту бойынша келісім жасалды.

Белгіленген еңбек жағдайларын сақтамау тәуекелін басқару

Бұл тәуекел операциялық тәуекел болып табылады және өндірісте жазатайым оқиғалардың орын алуымен, қауіпсіздік техникасы мен еңбек қорғауды бұзумен, сонымен қатар жұмыс берушінің еңбек заңнамасын бұзуымен сипатталады. Бұл тәуекелдің туындау ықтималдығы қызметкерлердің қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау бойынша қате жіберуі, қызметкерлердің қолданылатын құқық бойынша білімін тұрақты негізде жаңарту тетіктерінің жоқтығы, қызметті жүзеге асыру барысында Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтамау сияқты факторлармен шартталады.

Өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмау мақсатында, Компания тобының ұйымдарында қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі бөлімшелер жұмыс істейді, қызметкерлерді оқыту және нұсқаулықтарды жүргізу кестелері бекітілген.

Компанияда Қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқыту, нұсқаулық беру және білімді тексеру тәртібі және емтихан комиссиясын құру туралы ереже бекітілген. Компанияның қызметкерлері түтінденуден жеке қорғаныс құралдарымен жабдықталған. Компанияның еншілес ұйымдарының қызметкерлерін оқыту тұрақты негізде жүргізіледі. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар жұмыс орнында жүргізіледі.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Компанияның сапа саласындағы стратегиялық міндеттері ISO 9001:2008 халықаралық стандартының негізінде сапа менеджментіне жүйелік тәсілдеме арқылы басқарудың тиімділігіне және нәтижелілігіне қол жеткізуге бағытталған. Жүйелік тәсілдеме тұрақты жоғары сапа деңгейіне ие нәтижелі бизнес-үрдістерді құруға мүмкіндік береді және сапаға әсер ететін

барлық факторларды білікті, әрі дәйекті басқаруға кепілдік береді.

Компаниядағы сапа менеджменті жүйесі 2006 жылдан бастап енгізілген және ISO 9001:2008 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес қолданыстық күйде сақталуда.

Сертификатты халықаралық стандарттарға сәйкестікті сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізу құқығына аккредиттелген, сертификаттау бойынша жетекші органдардың бірі TUV SUD Management Service GmbH берген.



ТҰРАҚТЫ ДАМУ

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАҒИДАЛАР

АШЫҚТЫҚ

Біз кездесулерге, талқылауға және диалогқа ашықпыз, біз мүдделі тараптармен өзара мүдделерді есепке алуға, құқықтар мен Қордың, ұйымның және мүдделі тараптардың мүдделері арасында теңгерімді сақтауға негізделген ұзақ мерзімді ынтымақтастықты құруға ұмтыламыз.

ҚҰРМЕТ

Біз мүдделі тараптардың заңнамаға, жасалған шарттарға ілесетін немесе іскерлік қарым-қатынастар аясында туындайтын құқықтары мен мүдделерін қадірлейміз.

АЙҚЫНДЫҚ

Біздің шешімдер мен іс-әрекеттер мүдделі тараптар үшін анық және айқын болуы тиіс.

ӘДЕПТІ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Біздің шешімдер мен іс-әрекеттердің негізінде – әріптестік, жауапкершілік, адалдық, меритократия және мүлтіксіздік сияқты құндылықтарымыз.

ЖЕКЕ ҮЛГІ

Әрқайсысымыз күнделікті іс-әрекеттерінде, мінез-құлығында және шешімдер қабылдаған кезде тұрақты даму қағидаларын енгізуге себептеседі.

ЕСЕП БЕРУГЕ МІНДЕТТІЛІК

Біз экономикаға, қоршаған ортаға және қоғамға әсер еткеніміз үшін есеп беруге міндетті екенімізді түсінеміз. Біз ресурстарға ұқыпты қарау арқылы қызметіміздің қоршаған ортаға және қоғамға тигізетін жағымсыз әсерін азайтуға талпынамыз.

ЗАҢДЫЛЫҚ

Біздің шешімдер мен іс-әрекеттер Қазақстан Республикасының заңнамасына

және Қордың органдары шешімдеріне сәйкес келеді.

АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫН САҚТАУ

Біз Қазақстан Республикасының Конституциясында және халықаралық құжаттарда қарастырылған адам құқықтарын сақтаймыз және оларды сақтауға жағдай жасаймыз.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТӨЗБЕУШІЛІК

Біз барлық мүдделі тараптармен сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік білдіретініміз туралы мәлімдейміз.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ

Басшылар мен қызметшілердің жеке мүдделері өз міндеттерін риясыз орындауға ықпалын тигізбеуі керек.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Компания мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді ұзақ мерзімді құнды жасау, стратегиялық мақсаттарға жету және Компанияның жағымды беделін қалыптастыру үшін қажетті жағдайлардың кепілі ретінде қарастырады.

Компанияның мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу жүйесі барлық мүдделі тараптардың мүдделерін үйлестіруге

бағытталған. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу мүдделерді қадірлеу және ынтымақтастық қағидаларына, Компания қызметінің айқындығына, өзара әрекеттестіктің жүйелілігіне, міндеттемелердің сақталуына негізделген.

Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу тұрақты дамудың ажырамас бөлігі болып табылады. Компания түрлі қатынас

платформалары арқылы барлық мүдделі тараптармен тұрақты диалогты орнатуға және сақтауға көп көңіл бөледі. Мүдделі тараптардан келген кері байланыс Қордың стратегиялық басымдықтарын анықтаудан бастап, сәйкес саясатты құруға дейінгі, бизнес-модельден әлеуметтік жауапкершілікке дейінгі көптеген аспектілерді айқындай түседі.

Жалғыз акционермен және Сенімгер басқарушымен өзара әрекеттесу

Жалғыз акционерге («Самұрық-Қазына» АҚ) Компания акцияларының 100% тиесілі. Компанияның Директорлар кеңесі Жалғыз акционермен және Сенімгер басқарушымен үнемі және тиімді өзара әрекеттесудің маңыздылығын түсінеді. Компания өзінің қызметі туралы ақпаратты уақтылы және толық көлемде Жалғыз акционерге және Сенімгер басқарушыға, Жарғыда және Компанияның ішкі құжаттарында қарастырылған тәртіпте хабарлайды.

Мемлекеттік органдармен өзара әрекеттесу

Компания мемлекеттік органдар мен Компанияның барлық бастамалары елдің экономикасын дамытуға бағытталуы тиіс екенін түсіне отырып, мемлекеттік органдармен қатынастарды әріптестік және сыйластық қағидаларын негізге алып құрады. Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдары жауапты және адал салық төлеушілер болып табылады.

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу

Еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесу бұндай ұйымдардың тиісті органдары арқылы бекітілген корпоративтік рәсімдердің шеңберінде жүзеге асырылады. Еншілес және тәуелді ұйымдар деп Компания тікелей немесе жана түрде акцияларын (қатысу үлестерін) иеленген ұйымдарды түсінуге болады. Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдармен өзара әрекеттесуінің негізгі мақсаттары тұрақты қаржылық дамуды, пайдалылықты қамтамасыз ету, Компания мен еншілес және тәуелді ұйымдардың инвестициялық тартымдылығын арттыру, сонымен қатар Компанияның үйлестірілген және тиімді даму стратегиясын әзірлеу және жүзеге асыру болып табылады.

Жеткізушілермен, мердігерлермен және клиенттермен өзара әрекеттесу

Компания жеткізушілермен, мердігерлермен және клиенттермен қатынастар құра отырып, ашықтық, адалдық, өзара тиімділік мүдделерін сақтау, қабылданған

міндеттемелер үшін толық жауапкершілікті түсіну қағидаларын басшылыққа алады, шарттық қарым-қатынастардың барлық талаптарын сақтайды, қарым-қатынастарда құрмет пен адал ниеттілік танытады, келісімді міндеттемелерді орындау бойынша тапсырыс берушілермен жұмыс бабындағы кездесулерді өткізеді.

Қызметкерлер

Компания мен қызметкерлердің өзара әрекеттесуі ынтымақтастық негізіндегі қатынастарды қалыптастыруға бағытталған.

Компания әрбір қызметкердің қосқан үлесін бағалайды және бастамалары, жауапкершілігі және әр мақсаттарға жеткені үшін көтермелей отырып, кадрлармен сыйластық пен ынтымақтастық негізіндегі қарым-қатынастарды құрады.

Жұмыс берушінің қызметкерлермен өзара әрекеттесуі Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларына сәйкес келеді, Ұжымдық шартпен, еңбек шарттарымен, Іскерлік этика кодексімен және Кадр саясатымен реттеледі.

КАДР САЯСАТЫ

Компанияның кадрлық әлеуеті оның жетістігін анықтайтын ең маңызды стратегиялық фактор болып табылады. Компанияда негізгі мақсаты HR-менеджментті енгізу және барынша көп пайда алуға және бәсекелі ортада көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған, экономикалық ынталандыруларға және әлеуметтік кепілдіктерге негізделетін және жұмыс берушінің де, жұмыскердің де мүдделерін үйлесімді қабыстыруға және қарым-қатынастарды Компания мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының игілігіне дамытуға жағдай тудыратын, Компанияның адами ресурстарын басқару жүйесін жасау арқылы қызметкерлерді басқару

тиімділігін арттыру болып табылатын Кадр саясаты әрекет етеді.

Кадр саясатының түйінді басымдықтары болып табылады:

- ▶ кәсіпқойлығы жоғары жұмыскерлерді тарту, дамыту және ұстап қалу;
- ▶ қызметкерлерді басқарудың озық әдістерін енгізу;
- ▶ ішкі кадр резерві мен сыртқы ресурстарды ақылға қонымды түрде үйлестіру арқылы кадр резервін басқару;
- ▶ жетекші жұмыскерлердің кадр резервін қалыптастыру;

- ▶ ортақ құндылықтарды, әлеуметтік нормаларды және жұмыскердің мінез-құлығын регламенттейтін нормаларды жасау және құрау;
- ▶ әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу, еңбек дауларының алдын алу және оларға жол бермеу.

Компанияның қызметкерлер құрылымы

Компания тобы қызметкерлерінің орташа тізімдік саны 2017 жыл ішінде 4 891 адамды құрады (474 (10%) – өкімшілік қызметкерлер және 4 417 (90%) – өндірістік қызметкерлер).

КОНКУРСТЫҚ ІРІКТЕУДІҢ КЕЗЕҢДЕРІ

Компанияда жалдау рәсімі Компанияның әкімшілік лауазымдарына кадрларды конкурстық іріктеу Ережелеріне сәйкес, соның ішінде «Самұрық-Қазына» Корпоративтік университетінің ЖМ негізінде кәсіби және жеке-іскерлік құзыреттер бойынша тест жүргізу және үміткерлердің білім деңгейін тексеру мақсатында Компанияның топ-менеджментімен бет-бет тілдесу элементтерін және конкурстық комиссияның отырысын қолдана отырып жүргізілген.

1. Хабарландыруды www.ke.kz сайтында жариялау – 10 күн;
2. HR-менеджер түйіндемені негізгі біліктілік талаптарына (өтілі, жұмыс тәжірибесі, білімі, тіл білуі) сәйкестікке талдайды;
3. Лауазымның негізгі біліктілік талаптарына сай келетін үміткерлер түйіндемелері Компанияның бос орын ашылған құрылымдық бөлімшесі басшылығының қарауына жіберіледі;
4. Ағылшын және қазақ тілдерін меңгеру деңгейін тестілеу.
5. Кәсіби білімді тестілеу. Өту шегі – 70%;
6. Алқалы тілдесуде үміткерді таңдау.
7. Компанияның сайтында бос лауазымға конкурстық іріктеу және таңдалған үміткер туралы ақпаратты жариялау.

2017 жыл ішінде барлығы 13 бос орынға жүргізілген конкурсқа 61 адам қатысты (бір орынға бес адам), олардың ішінде 43 біліктілік талаптарына сай келмеді.

ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Компанияның жұмыскерлерді әлеуметтік қолдау бойынша қызметі келесі ішкі нормативтік құжаттармен регламенттеледі:

- ▶ Ұжымдық шарт;
- ▶ Компанияның Кадр саясаты;
- ▶ Жұмыскерлерге әлеуметтік қолдау көрсету ережелері.

Салалық келісім аясында Қазақстан Республикасының машина жасау салысында Компаниядағы және оның барлық еншілес ұйымдарындағы жұмыскерлер мен жұмыс берушілер арасында 2014–2016 жылдарға арналған Ұжымдық шарттар жасалды.

Ұжымдық шарт әлеуметтік-еңбек қатынастарын дамыту, қызметкерлердің құқықтары мен кепілдіктерін қорғау бойынша шараларды жетілдіруге бағытталған.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Бұл бағытты жүзеге асыру аясында Компания жұмыскерлерінің бастамасымен және күшімен 9 мамырға орайластырылған, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларға, бұрын Компания тобында жұмыс

істеген зейнеткерлерге қолдау көрсету бойынша тұрақты іс-шаралар өткізіледі. Сонымен қатар «Мектепке жол» науқаны өткізіледі, оның аясында Компания тобының көп балалы жұмыскерлеріне тағам өнімдерімен, мектеп киімімен және бұй-

ымдарымен материалдық қолдау көрсетіледі. Бұған қоса, Атбасар қаласында су тасқынынан зардап шеккен тұлғаларға көмек көрсетілді.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК


Компанияда қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, жарақаттануды төмендету, жұмыскерлердің өндірістік және санитарлық-тұрмыстық еңбек жағдайларын жақсарту, зиянды және жағымсыз факторлардың әсерін азайту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіледі.

Жұмыс жүргізумен байланысты жазатайым оқиғалардың алдын алу мақсатында, Компания тобында кіріспе, жоспарлы, кезектен тыс және жоспардан тыс нұсқаулықтар жүргізілді.

Компания өндірістегі еңбек қауіпсіздігін арттыру бойынша жүйелі шараларды жүргізеді. Компанияның еншілес ұйымдары өздеріне алған міндеттемелерін орындайды, солардың ішінде:

- ▶ күзгі-көктемгі кезеңде жұмыс орындарында тиісті температураны қамтамасыз ету;
- ▶ жұмыс орындарының жеткілікті жарықтылығын қамтамасыз ету;
- ▶ өндірістік жарақаттану себептерін талдау және оның алдын алу бойынша шараларды қолдану;
- ▶ профилактикалық медициналық тексерістерді жүргізу;
- ▶ жұмыскерлерге арнаулы киімді, аяқ киімді, жеке қорғаныс құралдарын беру;
- ▶ қызметкер еңбек міндеттерін атқарған кезде оның денсаулығы мен өміріне зиян келтіргені үшін жауапкершілікті сақтандыру;

Өндірістік жарақаттану (адам)



- ▶ еңбекті қорғау талаптарының сақталуын үнемі бақылау;
- ▶ цехтерді, медициналық пунктті зауыттың жұмыскерлеріне шұғыл медициналық көмек көрсету үшін қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету бойынша.

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оның өмірі мен денсаулығына зиян келтіргені үшін жұмыс берушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жүзеге асырылады.

Есепті кезеңде Компания тобында өндірістегі жазатайым оқиғалар анықталған жоқ.

Компания тобында өндірістік жарақаттанудың серпінін зерттеу бұл көрсеткіштің, 2012–2013 жылдармен салыстырғанда, азайғанын көрсетті.

Өндірістік жарақаттанудың алдын алу және оны болдырмау мақсатында Компания тобында алдын алу және түзету әрекеттері жөніндегі іс-шаралар өткізіледі. Жұмыскерлер еңбек міндеттерін орындаған кезде олардың өміріне және денсаулығына тигізілген зардапты өтеу бойынша бақылау жүргізіледі.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Компания тобының кәсіпорындары қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметке өздерінің күнделікті жұмысының ажырамас бөлігі ретінде қарайды және өз қызметінің қоршаған ортаға тигізетін жағымсыз әсерін азайту бойынша шараларға ерекше көңіл бөледі.

Компания тобының кәсіпорындары қатысу өңірін тұрақты дамытуға үлес қосуды табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтау арқылы қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы табиғат қорғау заңнамасына сәйкес Компания тобының кәсіпорындары қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алды.

Компания тобының кәсіпорындары шекті рұқсат етілген шығарылымдардың нормативтерін әзірледі және аумақтық қоршаған ортаны қорғау органдарынан келісім алды, олардың мерзімі аяқталған соң, жаңа нормативтер әзірленеді.

Компания қоршаған ортаға барынша ұқыпты қарау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану қағидаларын сақтауға ұмтылады, қоршаған ортаға тиетін жағымсыз ықпалдың алдын алуға жағдай жасайды, қоршаған ортаның жағдайы үшін жауапкершілікті арттыруға бағытталған бастамаларды қолданады, экологиялық таза және энергияны үнемдейтін технологияларды дамытуға және таратуға, экологиялық мониторингті жүргізуге және экологиялық ақпаратты ашық ұсынуға жәрдемдеседі.

Экологиялық тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша негізгі міндеттер келесі болып табылады:

- қоршаған ортаға ұқыпты қарау;
- еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласында нормалар мен стандарттарды сақтау;
- қызметтің энергиялық тиімділігін арттыру;
- есептілік жүйесін енгізу.

Компанияның энергия тұтынуы екі құрамдас бөліктен құралады: электр энергиясы және шаруашылық қажеттіліктерге арналған жылу энергиясы.

Энергияны үнемдеу көзқарасынан энергияны үнемдейтін инновациялық технологияларды қолдану арқылы энергия сымдылығын азайту бойынша іс-шаралар мейлінше жоғары нәтиже береді. Жаңа материалдарды қолдану, ғимараттың жылу жоғалтуын қысқартатын қасбеттерді және терезе құрастырылымдарын жылыту арқылы кәсіпорынды жаңғырту жобасын жүзеге асырған кезде жылу энергиясын тұтыну көлемдерін елеулі түрде азайтуды жұмсалымдарды айтарлықтай азайту деп айтуға болады.

САТЫП АЛУДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ ҚАМТУ


2017 жылдың қорытындылары бойынша Компания тобы бойынша жалпы сатып алу көлемі 17 827,8 млн. теңгені құрады, айта кететіні сатып алудағы жергілікті қамту 17,3% немесе 3 075,6 млн. теңгені құрады. Сонымен бірге мемлекеттік қорғаныстық тапсырыстар жөніндегі шарттар құпия болғандықтан, олардың көрсетілген сомаға кірмейтінін ескертіп өткен жөн.

14 366,6 млн. теңге сомасына сатып алынған тауарлардың жалпы көлемінен қазақстандық жеткізушілердің көлемі 671 млн. теңгені немесе 4,7% жергілікті қамтуды құрады. Жұмыстарды орындауға/қызметтерді көрсетуге жасалған шарт-

тардың жалпы көлемі 3 461 млн. теңге сомасын құрады, бұл ретте жергілікті қамту үлесі 69,5% немесе 2 404 млн. теңгені құрады.

Жеткізушілерді іріктеу әрекет ететін рәсімдердің аясында сатып алу үрдісінің жариялығы және айқындығы, сапалы тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алу, әлеуетті жеткізушілер арасындағы адал бәсекелестік қағидаларына негізделі жүргізіледі. Сонымен бірге жеткізушілердің сенімділігі Холдингтің сенімсіз әлеуетті жеткізушілерінің тізбесімен және (немесе) Жосықсыз мемлекеттік сатып алу қатысушылары тізілімімен саястыру жолымен тексеріледі.

«Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ тобының жалпы сатып алу көлемі (млн. теңге)



- Компаниялар тобы бойынша жалпы сатып алу көлемі
- Жергілікті қамту

2017 жыл ішінде Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін сақтау/сақтамау туралы есеп³

№	Кодекстің ережесі	Сақталады / сақталмайды	Ескертпе
1. ҚОРДЫҢ АКЦИОНЕРІ РЕТІНДЕГІ ҮКІМЕТ			
1.1	Үкімет мүшелеріне, мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымның Директорлар кеңесі құрамына қатысуға рұқсат етілмейді.	Сақталмайды	<p>ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 26 қаңтардағы Қаулысымен (№ 18 қпқ) ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне Мамин А.У. – ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасарының «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы етіп сайлануын қамтамасыз ету ұсынылған.</p> <p>ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 30 қаңтардағы № (16/НҚ-ҚБПУ) бұйрығымен Компанияның Директорлар кеңесінің құрамы Премьер-Министрдің Бірінші орынбасары Мамин А.У. басшылық етуімен сайланды.</p> <p>ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 11 қазандағы (№ 180/НҚ/ҚБПУ) бұйрығымен Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібінің Вице-министрі Курманғалиев А.К. Компанияның Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.</p>
1.2	Үкімет Қорға және ұйымдарға толық операциялық дербестікті ұсынады және заңдарда, актілерде және Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларында қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Үкімет пен мемлекеттік органдар тарабынан Қордың және ұйымдардың жедел (ағымдағы) және инвестициялық қызметіне араласуға жол бермейді.	Сақталмайды	<p>ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 15 қарашадағы № 704 Қаулысына сәйкес, 2016 жылғы 23 желтоқсанда «Самұрық-Қазына» АҚ және ҚР Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі арасында «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ акциялар пакетін Министрліктің сенімгерлікпен басқаруына тапсыру туралы шартқа қол қойылды.</p>
3. ТҰРАҚТЫ ДАМУ			
3.1	Компания ДК, Басқарма және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаларын ұстанушылықты қамтитын тұрақты даму саласындағы басқару жүйесіне ие болуы тиіс.	Ішінара сақталады	<p>Компанияның 2017 жылғы 10 шілдедегі (№ 4 хаттама) бекітілген ұйымдық құрылымына сәйкес, тұрақты даму саласындағы атқарымдар мен міндеттер Компанияның Стратегиялық даму және инвестициялық қызмет департаментінің құзыретіне тапсырылды. Департамент туралы ереже Компания Басқармасының 2017 жылғы 21 қарашадағы шешімімен (№ 36/17 хаттама) бекітілді.</p> <p>2017 жылдың 1-тоқсанында Компанияның қызметкерлері Самұрық-Қазына Корпоративтік университетінде келесі тақырыптағы оқытудан өтті: GRI нұсқауына сәйкес тұрақты даму саласындағы есептілік.</p> <p>Тұрақты даму жөніндегі нұсқаудың әзірленуі мен бекітілуін 2018 жылдың 2-тоқсанына қалдыру ұсынылады.</p>

³ Есеп «Қазақстан инжиниринг» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 4 сәуірдегі шешімімен (№2 хаттама) бекітілген.

№	Кодекстің ережесі	Сақталады / сақталмайды	Ескертпе
3.3	<p>Компанияда келесі элементтерді қамтитын, бірақ олармен шектелмейтін тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылуы тиіс:</p> <ul style="list-style-type: none"> — ішкі және сыртқы жағдаятты үш құрамдас (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша талдау; — әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардың тұрақты даму саласындағы тәуекелдерін анықтау; — мүдделі тараптар картасын және олармен өзара әрекеттесу әдістерін құрастыру; — тұрақты даму саласындағы мақсаттарды және ҚТК белгілеу, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды белгілеу; — тұрақты дамуды түйінді үрдістермен, солардың ішінде тәуекелдерді басқарумен, жоспарлаумен, адами ресурстарды басқарумен, инвестициялармен, есептілікпен, операциялық қызметпен және басқаларымен, сонымен қатар даму стратегиясымен және шешім қабылдау үрдістерімен біріктіру; — тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың жүйелі мониторингі мен бағалауы, мақсаттар мен ҚТК жетуді бағалау, түзетуші шараларды қолдану, тұрақты жақсарту мәдениетін енгізу. 	Ішінара сақталады	<p>Компанияның еншілес ұйымдарына тұрақты даму қағидаларын тиісті және сапалы түрде енгізу және тұрақты даму саласында әрекет ететін саясаттарды, рәсімдерді және ішкі бақылауларды талдау қажеттілігі туралы 2017 жылғы 23 ақпанындағы (№ 278-И) хат жіберілді. Еншілес ұйымдар тиісті ақпаратты ұсынды.</p> <p>Тұрақты даму жөніндегі нұсқаудың әзірленуі мен бекітілуін 2018 жылдың 2-тоқсанына қалдыру ұсынылады.</p>
3.5	Қор және ұйымдар әріптестердің тұрақты даму қағидаларын қолдануын ынталандыруға және оған себептесуге ұмтылуы керек.	Сақталмайды	
5. ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖӘНЕ АТҚАРУШЫ ОРГАННЫҢ ТИІМДІЛІГІ			
ДК және ДК комитеттерінің құрамы			
5.9	Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері ұйымның Директорлар кеңесімен бекітілген құрылымдалған үрдісі аясында жыл сайынғы негізде бағалануы тиіс. Бұл үрдіс Қордың әдіснамасына сәйкес келуі қажет. Сонымен бірге бағалау үш жылда бір реттен сирек емес тәуелсіз кәсіпқой ұйымның қатысуымен өткізіледі.	Сақталмайды	Директорлар кеңесінің құрамы 2017 жылдың I тоқсанында сайланды. Директорлар кеңесінің бағалауын 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында өткізу жоспарланған.
5.10	Бағалау Директорлар кеңесі мен оның әрбір мүшесінің ұзақ мерзімді құнның өсуіне және ұйымның тұрақты дамуына қосқан үлесін анықтауға, сондай-ақ, бағыттарды айқындауға және жақсарту үшін шараларды ұсынуға мүмкіндік беруі қажет. Бағалау нәтижелері Директорлар кеңесінің мүшелерін қайта сайлағанда немесе олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан кезде ескеріледі.		

№	Кодекстің ережесі	Сақталады / сақталмайды	Ескертпе
6. ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ, ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ			
Тәуекелдерді басқару			
6.4	<p>Қордың және ұйымдардың атқарушы органдары тиімді тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін құруды және оның жұмысын қолдауды қамтамасыз етуі тиіс. Тәуекелдерді басқару үрдісі жоспарлау (даму стратегиясы мен жоспарлары, жылдық бюджет) және ұйым қызметінің нәтижелерін бағалау (басқарушылық есептілік) үрдістерімен біріктірілуі керек.</p> <p>Қордың немесе ұйымның әрбір лауазымды тұлғасы шешім қабылдаған кезде тәуекелдердің тиісті түрде қаралуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Қордың немесе ұйымның атқарушы органы тиісті біліктілік пен тәжірибеге ие қызметкерлердің тәуекелдерді басқару рәсімдерін енгізуін қамтамасыз етуі тиіс.</p> <p>Қордың және ұйымның тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі атқарушы органмен жүргізілетін, барлық маңызды тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және бақылау рәсімдерінің міндеттілігін, сонымен қатар стратегиялық мақсаттарға жетуге, операциялық міндеттерді жүзеге асыруға және компанияның беделіне жағымсыз ықпалын тигізуі мүмкін тәуекелдерді азайту бойынша уақтылы және адекватты шараларды қолдануды қарастыратын тәуекел-менеджменттің жоғары мәдениетіне негізделуі керек.</p> <p>Тәуекелдерді басқару бойынша рәсімдер жаңа тәуекелдерге жылдам жауап қайтаруды, оларды анық сәйкестендіруді және тәуекел иелерін анықтауды қамтамасыз етуі тиіс. Қордың және ұйымдардың бәсекелі немесе экономикалық ортасында кез келген болжанбаған өзгерістер туындаған жағдайда, тәуекелдер картасы мен оның тәуекел-тәбетке сәйкестігі жедел түрде қайта бағалануы керек.</p>	Ішінара сақталады	<p>Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 15 ақпандағы шешімімен (№ 1 хаттама) Компанияның ұйымдық құрылымы бекітілді, оған сәйкес Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау секторы құрылды.</p> <p>Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 шілдедегі шешімімен (№ 4 хаттама) Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау секторы қысқартылған ұйымдық құрылым бекітілді, тәуекелдер мен ішкі бақылау үшін Тәуекел-менеджер тағайындалған.</p> <p>Есепті кезең ішінде Компанияның Директорлар кеңесімен 1-3 тоқсандар ішіндегі тәуекелдер бойынша есептер қаралды және бекітілді.</p>
6.5	Қордағы және ұйымдардағы бақылау рәсімдерін әзірлеу, бекіту, нысандау және құжаттау негізгі үш сала бойынша жүзеге асырылуы тиіс: операциялық қызмет, қаржы есептілігін дайындау және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі құжаттарды сақтау.	Ішінара сақталады	<p>Директорлар кеңесінің шешімімен Компанияда бекітілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> — Тәуекелдер мен қаржылық және операциялық тәуекелдер бойынша бақылаулардың матрицалары (2012 жылғы 23 желтоқсандағы № 94 хаттама); — Компанияның жыл сайынғы негіздегі шоғырландырылған Тіркелімі (2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 10 хаттама); — Компанияның жыл сайынғы негіздегі шоғырландырылған Тәуекелдер картасы (2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 10 хаттама); — Компания тобының жыл сайынғы негіздегі Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар жоспары (2016 жылғы 14 желтоқсандағы № 10 хаттама).

№	Кодекстің ережесі	Сақталады / сақталмайды	Ескертпе
6.6	<p>Қор мен ұйымдардың тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласында айқын қағидалар мен тәсілдемелер, қызметкерлер мен лауазымды тұлғаларға тәуекелдерді басқару жүйесін оқыту тәжірибесі, сонымен қатар қажетті ақпаратты құжаттау және лауазымды тұлғаларға хабарлау үрдісі енгізілуі тиіс.</p> <p>Тәуекелдерді басқару жүйесі туралы білім тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саласындағы қағидалар мен тәсілдемелерді түсінуі, осы салада қабылданған үздік тәжірибе туралы хабардар болуы тиіс барлық қолжетімді болуы керек. Қор мен ұйымдардың қызметкерлері қабылданған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу үшін жыл сайын, сондай-ақ, жұмысқа қабылданған кезде оқытудан/кіріспе нұсқаулықтан өтуі тиіс.</p> <p>Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің аясында кез келген қызметкердің және лауазымды тұлғаның Қазақстан Республикасы заңнамасын, ішкі рәсімдерді, Іскерлік этика кодексін бұзу фактілері туралы Директорлар кеңесіне (Аудит жөніндегі комитетке) және ішкі аудит бөлімшесіне қауіпсіз, құпия және қолжетімді хабарлау тәсілі (жедел желі) ұйымдастырылуы керек.</p>	Ішінара сақталады	<p>Компанияда тәуекелдерді басқару жүйесі бойынша білім қоры қалыптастырылған, ол Компанияның қызметкерлері үшін көпшілікке қолжетімді түрде орналастырылған.</p> <p>Есепті кезеңде жаңадан тағайындалған қызметкерлер қабылданған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесімен танысу үшін оқытудан/кіріспе нұсқаулықтан өткен жоқ.</p>
6.7	<p>Қордың Директорлар кеңесі мен ұйымдары қолданыстағы тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің Директорлар кеңесімен оны ұйымдастыруға белгіленген қағидалар мен тәсілдемелерге сәйкес келетініне және тиімді жұмыс істейтініне көз жеткізу үшін тиісті шараларды қолдануы қажет.</p> <p>Тәуекелдер жөніндегі есептер Директорлар кеңесінің отырыстарына тоқсанына бір реттен сирек емес шығарылып, тиісті түрде толық көлемде талқылануы тиіс.</p> <p>Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитетпен бірлесе отырып, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі тиімділігінің жыл сайынғы бағалауын жүргізу үшін жауап береді.</p> <p>Директорлар кеңесі ішкі аудит бөлімшесі немесе сыртқы сарапшы, Аудит жөніндегі комитет және атқарушы орган хабарлаған есептер мен кепілдіктерге негізделген ақпаратты тиісті және мұқият зерттеуден кейін оның тиімділігі туралы өзінің жеке ой-пікірін қалыптастыруы керек.</p> <p>Директорлар кеңесі тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін ұйымдастыру, оның қызмет етуі және тиімділігі мәселелерін жылына бір реттен сирек емес қарастырып, қажет болған кезде оны жақсарту жөнінде ұсынымдар беру керек. Директорлар кеңесінің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі мәселелерін қарастыру нәтижелері туралы мәліметтер акционерлерге (қатысушыларға) жылдық есеп құрамында беріледі.</p>	Ішінара сақталады	<p>2017 жылдың 1-тоқсанында Ішкі аудит қызметі ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалады, нәтижелер Компанияның Директорлар кеңесінің 2017 жылғы 10 шілдедегі отырысында қаралды.</p> <p>Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін тәуелсіз бағалау «КПИГ: Такс энд Эд-вайзори» ЖШС-мен жүргізілді және 2017 жылғы 31 шілдеде аяқталды.</p> <p>Өткізілген бағалаудың нәтижелеріне сәйкес, ІБЖ тиімділігінің қорытынды бағасы 5 Компонент бойынша – 63 % құрайды, бұл «орташадан жоғары» деңгейіндегі тиімділік рейтингіне сай келеді. Сонымен бірге «тәуекелдерді бағалау» және «бақылау рәсімдері» компоненттері бойынша тиімділік рейтингі 35% және 49 % құрайды, бұл «төмен» және «орташа» деңгейлеріндегі тиімділік рейтингіне сай келеді.</p>

СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӘНЕ АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

2017 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішіндегі шоғырландырылған қаржы есептілігі

Компанияның («Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы) Жалғыз акционерінің шешімімен Жылдық қаржы есептілігі бекітілгеннен кейін орналастырылады.

Алдын ала бекіту үшін Компанияның Директорлар кеңесінің ағымдағы отырысына енгізілген.

«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ

2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІН ДАЙЫНДАУ МЕН БЕКІТУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ТУРАЛЫ БАСШЫЛЫҚ МӘЛІМДЕМЕСІ

Басшылық «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») 2017 ж. 31 желтоқсандағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ сол күні аяқталған жыл іші оның қызметінің шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін, шоғырландырылған ақшалай қаражаттарының қозғалысын және шоғырландырылған капиталдағы өзгерістерін Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына (бұдан әрі – «ХҚЕС») сәйкес сенімді көрсететін шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауға жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық мыналарға:


- есеп саясатының қағидаттарының дұрыс таңдалуын және қолданылуын қамтамасыз етуге;
- ақпараттың, оның ішінде есептілік саясаты туралы деректердің, осындай ақпараттың орындылығын, дұрыстығын, салғастырымдылығын және ұғынықтылығын қамтамасыз ететін нысанда ұсынылуына;
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың сол немесе өзге мәмілелер, сондай-ақ өзге де оқиғалар немесе шарттар Топтың қызметінің шоғырландырылған қаржылық жағдайына және шоғырландырылған қаржылық нәтижелеріне әсер етуін түсіну үшін жеткіліксіз болған жағдайларда қосымша ақпаратты ашуға;
- Топтың көз жетерлік болашақта қызметін жалғастыруға қабілеттілігін бағалауға жауапты болады.

Топ басшылығы сондай-ақ:

- Топтың барлық кәсіпорындарында тиімді және сенімді ішкі бақылау жүйесін әзірлеуге, енгізуге және қолдауға;
- Топ мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күні Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәрежеде дәл ақпарат беруге және ХҚЕС шоғырландырылған қаржылық есептілігінің талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда есеп жүргізуге;
- ХҚЕС және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есептің жүргізілуіне;
- Топ активтерінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша мүмкін болатын барлық орынды шаралардың қабылдануына; және
- алаяқтық және басқа да теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауға және олардың алдын алуға жауапты болады.

2017 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2018 жылғы 3 наурызда мақұлдады және шығару үшін бекітті.

Топ басшылығы атынан



С.Н. Мыңшәріпова
Басқарма төрағасының
орынбасары

Ж. Ж. Өлібова
Бас бухгалтер



«Делойт» ЖШС
 Әл-Фараби даңғы, 36,
 Алматы қ., 050059,
 Қазақстан Республикасы
 Тел: +7 (727) 258 13 40
 Факс: +7 (727) 258 13 41
 almaty@deloitte.kz
 www.deloitte.kz

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫСЫ

«Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Акционері мен Директорлар кеңесіне:

Пікір

Біз қоса беріліп отырған 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдайы туралы шоғырландырылған есептен, 2017 жылғы және сол күні аяқталған жыл іші пайда мен залалдар және өзге де жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есептен, капиталдың өзгеруі туралы шоғырландырылған есептен, 2017 ж. ақшалай қаражаттардың қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша шолуын қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертулерден тұратын «Қазақстан инжиниринг» Ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының және оның еншілес кәсіпорындарының (бұдан әрі бірлесіп – «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық маңызды аспектілерде 2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайы, сондай-ақ Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес оның шоғырландырылған қаржылық нәтижелері мен шоғырландырылған ақшалай қаражаттарының қозғалысын анық көрсетеді.

Пікірді білдіру үшін негіз

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Біздің міндеттеріміз осы стандарттарға сәйкес біздің қорытындының «шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі» бөлімінде көрсетілген. Топқа қатысты бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің кәсіби бухгалтерлердің этика кодексіне («Кодекс») және Қазақстан Республикасында қолданылатын біздің шоғырландырылған қаржылық есептілікке этика талаптарына сәйкес біз тәуелсізбіз. Біз сонымен қатар осы талаптарда және Кодексте белгіленген өзге де этикалық міндеттерді орындадық. Біз пікір білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер алдық деп ойлаймыз.

Маңызды жағдайлар

Қаржылық есептіліктегі 21 Ескертуге сәйкес, 2017 ж. 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде Топтың 87% табыстары байланысты тараптардан алынған. Бұл біздің пікірдің өзгеруіне әкелген жоқ.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке басшылықтың және корпоративтік басқару үшін жауапты тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық шоғырландырылған қаржылық есептілікті Халықаралық қаржы есептілігі стандарттарына сәйкес дайындауға және дұрыс берілуіне және басшылық жосықсыз әрекеттер немесе қателер салдарынан елеулі бұрмалаушылықтарсыз шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажетті деп есептелінетін ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетін бағалауға, тиісті жағдайларда қызметінің үздіксіздігіне қатысты мәліметтерді ашуға, және басшылық Топты таратуға, оның қызметін тоқтатуға ниеттенген, немесе басшылықта Топты тарату немесе қызметін тоқтатудың практикалық баламасы болмаған жағдайларды қоспағанда, қызметінің үздіксіздігі туралы болжам негізінде есептілік жасауға жауап береді.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалуын қадағалауға жауап береді.

Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне аудитордың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептілікте елеулі бұрмалаушылықтардың жоқтығына орынды сенімділік алу және біздің пікірімізден тұратын аудиторлық есеп шығару болып табылады. Орынды сенімділік – сенімділіктің жоғары дәрежесі, бірақ ол ХАС сәйкес жүргізілген аудит барысында мүмкін елеулі бұрмалаушылықтардың анықталуына кепілдік бермейді. Бұрмалаушылықтар ықылассыз әрекеттердің немесе қателесудің нәтижесі болуы мүмкін және егер олардың шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын қолданушылардың экономикалық шешімдеріне жекеше немесе бірлесіп әсер ете алатыны негізді түрде болжанса, елеулі болып есептеледі.

ХАС сәйкес жүргізілетін аудит аясында біз кәсіби пайымдау қолданамыз және бүкіл аудит барысында кәсіби күмәншілдік сақтаймыз. Бұған қоса, біз:

- ықылассыз әрекеттер немесе қателесу салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалануы тәуекелдерін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді дайындаймыз және жүргіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдерді аламыз. Ықылассыз әрекеттер салдарынан елеулі бұрмаланудың табылмауы тәуекелі қателесу салдарынан болатын елеулі бұрмаланудың табылмауы тәуекелінен жоғары, себебі ықылассыз әрекеттерге сөз байласу, жалғандық, әдейі қалдырып кету, ақпаратты бұрмалап ұсыну немесе қолданыстағы ішкі бақылау жүйесін айналып өту арқылы әрекеттер жасау кіруі мүмкін;
- жағдайларға сәйкес аудиторлық рәсімдер дайындау мақсатында аудит үшін маңызды ішкі бақылауларды зерделейміз, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі жайында пікір білдіру мақсатында емес;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін, сондай-ақ басшылық дайындаған ақпараттың тиісті ашылуын бағалаймыз;
- басшылықтың қызмет үздіксіздігі туралы жорамалды қолдануының заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз, ал алынған аудиторлық дәлелдемелер негізінде – Топтың үздіксіз қызмет жалғастыра алатынына елеулі күдік тудырта алатын оқиғаларға немесе жағдайларға байланысты елеулі белгісіздіктің бар немесе жоқ екендігі жайлы тұжырым жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздіктің бар екені туралы тұжырымға келсек, біз аудиторлық қорытындымызда қаржылық есептіліктегі тиісті ақпарат ашуға назар аудартуымыз керек, немесе ақпарат тиісті түрде ашылмаған болса, пікірімізді өзгертеміз. Біздің тұжырымдарымыз аудиторлық қорытындының күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделеді. Алайда, келешек оқиғалар немесе жағдайлар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілеттігінен айырылуына әкелуі мүмкін;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің жалпы ұсынылуын, оның құрылымын және мазмұнын, соның ішінде ақпараттың ашылуын, сондай-ақ оның негізі болатын операциялар мен оқиғалардың шынайы көрсетілуінің қамтамасыз етілуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілікке пікірді білдіру үшін жеткілікті және тиісті болған, Топтың және оның қызметіне тиесілі шоғырландырылған қаржылық ақпаратқа аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Біз Топтың аудиті және оны басқару мен бақылауына жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге толықтай жауап береміз.

- шоғырландырылған қаржылық есептілікке пікірді білдіру үшін жеткілікті және тиісті болған, Топтың және оның қызметіне тиесілі шоғырландырылған қаржылық ақпаратқа аудиторлық дәлелдемелер аламыз. Біз Топтың аудиті және оны басқару мен бақылауына жауап береміз. Біз өзіміздің аудиторлық пікірімізге толықтай жауап береміз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғаларды жоспарланған мерзім және аудит мерзімін, сонымен қатар, аудит уақытында болған елеулі проблемалар, сонымен қатар ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктерін хабарлаймыз.



Алуа Есимбекова
Жоба бойынша әріптес
Қоғамдық бухгалтер
Нью Гемпшир штаты, АҚШ
2014 жылғы 12 маусымдағы №07348 лицензия



Дәулет Қуатбеков
Қазақстан Республикасының
білікті аудитору
Аудитордың 2002 жылғы
15 ақпандағы №0000523,
біліктілік куәлігі

DELOITTE, LLP

«Делойт» ЖШС
2006 ж. 13 қыркүйекте Қазақстан
Республикасы Қаржы министрлігімен берілген
МФЮ-2 түріндегі №0000015 Қазақстан
Республикасы бойынша аудит жүргізуге құқығы
бар лицензия



Нурлан Бекенов
«Делойт» ЖШС
Бас директоры

2018 жылғы 3 наурыз
Қазақстан Республикасы Алматы қ.,

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(мың теңгемен)**

	Ескер- тулер	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
АКТИВТЕР			
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР:			
Жылжымайтын мүлік, ғимараттар мен жабдықтар	5	22,977,934	23,255,690
Материалдық емес активтер		401,130	450,821
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындарға инвестициялар	7	6,309,423	5,802,533
Басқа да ұзақ мерзімді активтер	8	2,086,505	1,809,983
Кейінге қалдырылған салық активтері	26	4,154,213	3,103,823
		<u>35,929,205</u>	<u>34,422,850</u>
Ұзақ мерзімді активтер жиыны			
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР:			
Тауарлық-материалдық қорлар	9	14,239,904	20,455,825
Сауда дебиторлық берешек	10	2,238,811	4,255,911
Табыс салығы бойынша алдын ала төлен		1,651,527	1,608,078
Өтеуге арналған басқа да салықтар		535,885	543,930
Берілген аванстар	11	10,964,636	11,138,580
Басқа да ағымдағы активтер		300,598	515,801
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	12	917,757	937,196
Ақша қаражаттары мен олардың баламалары	13	8,094,176	9,585,854
		<u>38,943,294</u>	<u>49,041,175</u>
Сатуға арналған активтер		<u>288,519</u>	<u>435,263</u>
Ағымдағы активтер жиыны		<u>39,231,813</u>	<u>49,476,438</u>
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ		<u>75,161,018</u>	<u>83,899,288</u>
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
КАПИТАЛ:			
Жарғылық капитал	14	21,476,802	21,476,802
Қосымша төленген капитал	15	841,018	841,018
Жинақталған шығын		(4,788,672)	(1,140,057)
Бас ұйымға тиісті капитал		<u>17,529,148</u>	<u>21,177,763</u>
Бақыламайтын үлестер	16	<u>642,489</u>	<u>667,814</u>
Капитал жиыны		<u>18,171,637</u>	<u>21,845,577</u>
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Қарыздар	17	10,400,000	4,932,492
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	26	916,259	645,058
Қаржылық сыйақылар бойынша міндеттемелер		364,552	492,782
Артықшылықты акциялардың борыштық компоненті		231,501	229,885
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер		<u>57,005</u>	<u>83,796</u>
Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны		<u>11,969,317</u>	<u>6,384,013</u>

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2017 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДАҒЫ
ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)
(мың теңгемен)**

	Ескер- тулер	2017 ж. 31 желтоқсан	2016 ж. 31 желтоқсан
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР:			
Қарыздар	17	18,358,183	25,079,205
Қаржылық жалгерлік бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі		127,883	129,029
Сауда кредиторлық берешек	18	5,305,433	8,449,026
Табыс салығы бойынша берешек		46,432	171,599
Өзге де салықтар бойынша берешек	19	1,716,044	2,649,655
Байланысты тараптардан алынған аванстар	30	15,218,001	15,142,306
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	20	4,248,088	4,048,878
Ағымдағы міндеттемелер жиыны		45,020,064	55,669,698
Міндеттемелер жиыны		56,989,381	62,053,711
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		75,161,018	83,899,288

Топ басшылығы атынан




С.Н. Мыңшәріпова
Басқарма төрағасының
орынбасары


Ж.В. Әлібова
Бас бухгалтер

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛДАР ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ
ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**
(мың теңгемен)

	Ескер- тулер	2017 ж.	2016 ж.
ТАБЫСТАР	21	83,619,506	71,331,233
ӨЗІНДІК ҚҰН	22	(77,163,934)	(65,071,209)
ЖАЛПЫ ПАЙДА		6,455,572	6,260,024
Әкімшілік шығыстар	23	(6,790,992)	(6,369,488)
Өткізу бойынша шығыстар		(869,167)	(779,321)
Өзге де шығыстар, нетто		(159,824)	(414,796)
Бағам айырмашылығынан болған (залал)/пайда, нетто		(285,562)	1,068,008
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындардың пайдасындағы/(залалындағы) үлесі	7	543,663	(1,074,868)
Қаржылық табыстар	24	1,028,505	2,908,946
Қаржылық шығыстар	25	(3,724,715)	(4,588,565)
САЛЫҚ САЛУҒА ДЕЙІНГІ ШЫҒЫН		(3,802,520)	(2,990,060)
ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ҮНЕМ	26	199,877	238,255
ЖЫЛ ІШІ ШЫҒЫН ЖӘНЕ ЖЫЛ ІШІ ЖИЫНТЫҚ ШЫҒЫН		(3,602,643)	(2,751,805)
Жиынтық (шығын)/пайда келесілерге қатысты: Компания акционеріне	16	(3,638,739)	(2,813,227)
Бақыламайтын үлестерге		36,096	61,422
		(3,602,643)	(2,751,805)

Топ басшылығы атынан




С.Н. Мыңшәріпова
Басқарма төрағасының
орынбасары


Ж. О. Әлібова
Бас бухгалтер

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП**

(мың теңгемен)

	Ескер- тулер	2017 ж.	2016 ж.
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Салық салуға дейінгі шығын		(3,802,520)	(2,990,060)
Келесілерге түзетулер:			
Амортизация және тозу		1,460,346	1,195,403
Күмәнді борыштар бойынша резерв		380,431	217,431
Тауарлық-материалдық қорларды таза құнына өткізу	9	-	551,269
Өтінсіз тауарлық-материалдық қорлар бойынша резервті есептеу	9	1,322,552	492,046
Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдық және материалдық емес активтердің шығуынан залал/(пайда)		101,306	(46,176)
Бағам айырмашылығынан залал/(пайда)		285,562	(1,068,008)
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындардың (пайдасындағы)/залалындағы үлесі	7	(543,663)	1,074,868
Тәуелді кәсіпорындарға инвестициялардың құнсыздануы		20,764	-
Кепілді міндеттемелер бойынша резервті (қалпына келтіру)/есептеу	20	(107,192)	138,747
Өзге де сыйақылар мен пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	20	872,385	1,051,696
Өзге де резервтер	20	582,620	14,602
Қаржылық табыстар	24	(1,028,505)	(2,908,946)
Қаржылық шығыстар	25	3,724,715	4,588,565
Ақша қаражаттарының айналым капиталдағы өзгерістеріне дейінгі операциялық қызметтен болған қозғалысы		3,268,801	2,311,437
Айналым капиталдағы және өзге баптардың өзгерістері:			
Тауарлық-материалдық қорлар		3,699,223	(2,673,901)
Сауда дебиторлық берешек		2,167,656	(1,444,507)
Қосымша қосылған құн мен өтеуге арналған өзге де салықтар		(35,404)	(471,171)
Өзге де активтер		400,987	(1,105,500)
Сауда кредиторлық берешек		(3,889,311)	5,171,323
Салық бойынша берешек		(947,554)	299,351
Айланысты тараптардан алынған аванстар және өзге де міндеттемелер		(947,528)	5,337,214
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттары		3,716,870	7,424,246
Төленген пайыздар		(3,796,041)	(3,272,006)
Алынған пайыздар		852,649	2,066,183
Төленген табыс салығы		(690,536)	(681,135)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша қаражаттары		82,942	5,537,288
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықтарды сатып алу		(468,806)	(3,986,743)
Материалдық емес активтерді сатып алу		(6,504)	(11,483)
Берілген қарыздар		(3,000)	(150,000)
Берілген қарыздардың өтелуі		182,416	-
Алынған дивидендтер		26,764	25,372
Жылжымайтын мүлік, ғимарат пен жабдықты сатудан түскен түсім		2,378	83,402
Өзге ұзақ мерзімді активтерді өткізу		21,330	61,380
Бірлескен және тәуелді кәсіпорындарға инвестицияны өткізу		-	114,569
Бірлескен кәсіпорынның жарғылық капиталына жарна		-	(500,000)
Қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларға салым		(38,442,596)	(67,408,207)
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар алу		38,409,350	96,111,571
Инвестициялық қызметте (пайдаланылған)/түскен таза ақша қаражаттары		(278,688)	24,339,861

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ
ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (ЖАЛҒАСЫ)**

(мың теңгемен)


	Ескер- тулер	2017 ж.	2016 ж.
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ:			
Бағалы қағаздарды өтеу			(67,138,000)
Қарыздарды алу	17	9,887,935	29,612,679
Қарыздарды өтеу	17	(10,847,017)	(1,646,761)
Қаржылық жалгерлікті өтеу	17	(129,142)	(128,230)
Төленген дивидендтер		(60,634)	(73,799)
Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша қаражаттары		(1,148,858)	(39,374,111)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗГЕРІСІ, нетто		(1,344,584)	(9,496,962)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, кезеңнің басына	13	9,585,854	19,186,014
Шетел валютасының бағамы өзгеруінің шетел валютасындағы ақша қаражаттарының қалдықтарына ықпал етуі		(147,094)	(103,198)
АҚША ҚАРАЖАТТАРЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ, кезеңнің аяғына	13	8,094,176	9,585,854

Топ басшылығы атынан



2018 ж. 3 наурыз
Қазақстан Республикасы, Астана қ.,


С.Н. Мыңшәріпова
Басқарма төрағасының
орынбасары


Ж. Ә. Әлібова
Бас бухгалтер

**«ҚАЗАҚСТАН ИНЖИНИРИНГ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ» АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕНШІЛЕС КӘСІПОРЫНДАРЫ**

**2017 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫНДА АЯҚТАЛҒАН ЖЫЛ ІШІ КАПИТАЛДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП
(мың теңгемен)**

	Ескер- тулер	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбеген пайда/ (Жинақтал- ған шығын)	Бас ұйымның Акционеріне қатысты капитал	Бақыламай- тын үлестер	Капитал жиыны
2016 ж. 1 қаңтарына		21,476,802	841,018	1,673,170	23,990,990	656,018	24,647,008
Жыл ішіндегі жиынтық (шығын)/табыс Дивидендтер	16	-	-	(2,813,227)	(2,813,227)	61,422 (49,626)	(2,751,805) (49,626)
2016 ж. 31 желтоқсанына		21,476,802	841,018	(1,140,057)	21,177,763	667,814	(21,845,577)
Жыл ішіндегі жиынтық (шығын)/табыс Артықшылықты акциялардың борыштық құрамдауышын бағалау Дивидендтер	16	-	-	(3,638,739)	(3,638,739)	36,096	(3,602,643)
		-	-	(9,876)	(9,876)	-	(9,876)
		-	-	-	-	(61,421)	(61,421)
2017 ж. 31 желтоқсанына		21,476,802	841,018	(4,788,672)	17,529,148	642,489	18,171,637

Топ басшылары атынан



С.Н. Мыңшеріпова
Басқарма төрағасының
орынбасары

Ж. Ө. Әлібова
Бас бухгалтер

2018 ж. 31 наурыз
Қазақстан Республикасы, Астана қ.,

Төмендегі ескертулер осы шоғырландырылған қаржылық есептілігінің ажырамас бөлігі болып табылады. Тәуелсіз аудитордың аудиторлық қорытындысы 2-4 беттерде келтірілген.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

«Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы

Пошта мекенжайы:
Қазақстан Республикасы
010000, Астана қ.,
Қонаев к-сі 10

тел.: +7 (7172) 61-19-01
+7 (7172) 69-55-99
факс: +7 (7172) 61-19-27
е-mail: ke@ke.kz

